Негізгі құралдар жинақталған тозу мен құнсыздану резервін шегере отырып, егер бұл қажет болса, бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер негізгі құралдардың құрамына капиталдандырылады.

Жер үшін тозу есептелмейді. Негізгі құралдардың басқа да объектілерінің тозуы олардың пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тарату құнына дейінгі бастапқы құнын тепе-тең етіп есептен шығару әдісі бойынша есептеледі, атап айтқанда:

	Тиімді пайдалану мерзімі (жылдар саны)
Ғимараттар мен құрылысжайлар	8 – 100
Машиналар мен құрал-жабдық және көлік құралдары	2 – 50
Басқалары	3 – 20

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ әртүрлі кеңсе үй-жайларын, құрал-жабдықтарды және көлік құралдарын жалға алады. Шарттар жалдау шарттары болып табылатын компоненттерді де, жалдау шарттары болып табылмайтын компоненттерді де қамтуы мүмкін. Топ сыйақыны шарт бойынша жалдау компоненттері мен жалға алынбайтын компоненттер арасында олардың оқшауланған мәміленің салыстырмалы бағасы негізінде бөледі. Алайда, Топ жалға алушы ретінде әрекет ететін жылжымайтын мүлікті жалға беру шарттары бойынша ол жалдау компоненттері мен жалға бермейтін компоненттерді бөліп көрсетпеу туралы шешім қабылдады, бірақ оларды жалға берудің бір компоненті ретінде көрсетті.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, әдетте, активтің пайдалы қызмет ету мерзімі немесе қайсысы ертерек аяқталатынына байланысты жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

Топ тиімді пайдаланудан түскен пайданың бағалау мерзімі ішінде желілік әдісті пайдалану құқығы нысанындағы активтердің амортизациясын есептейді, атап айтқанда:

	Тиімді пайдалану мерзімі (жылдар саны)
Жер	34 – 63
Ғимараттар мен құрылысжайлар	5 – 50

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық емес қорлар қос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құны және сатудың таза бағасы. Қорлардың өзіндік құны ФИФО әдісі бойынша айқындалады.

Негізі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа да дебиторлық берешек

Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек, жеткізушілерге салықтар мен аванстар бойынша алдын ала төлемдерді қоспағанда, бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

Жеткізушілерге аванстар құнсыздануға арналған резервті шегергендегі бастапқы құны бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Егер соларға қатысты тауарларды немесе қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан асатын болса немесе аванстар бастапқы мойындау кезінде ұзақ мерзімді ретінде есепте көрсетілетін активтерге жататын болса, аванстар ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Активтерді сатып алғаны үшін аванстар сомасы Топ мұндай активтерге бақылауды алған кезде және соған байланысты келешек экономикалық пайданы Топ алады деген мүмкіндік болған кезде олардың баланстық құнына қосылады. Басқа аванстар оларға қатысты тауарларды немесе қызметтерді алған кезде есептен шығарылады. Егер авансқа қатысты активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбайды деген белгі болса, аванстың баланстық құны азаяды және құнсызданудан болған тиісті залал бір жылғы пайда мен зиян арқылы көрсетіледі. Салықтар бойынша алдын ала төлемдер құнсыздануға арналған резервті шегергендегі нақты төленген сомалар бойынша көрсетіледі.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы ақша қаражаттары, ағымдағы банктік шоттардағы қаражат, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі 10 күннен аспайтын басқа банктермен сатып алу және кері сату шарттары («кері репо») кіреді. Ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) олар өтеу мерзіміне дейін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек негізгі қарыз бен пайыз есебінен төлемдер болып табылады және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмайды.

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатының қалдықтары ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті жасау мақсатында ақша қаражаты мен оның баламалары құрамынан алынып тасталады.

Айырбастау операцияларына немесе есепті кезеңнен кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер белгіленген ақша қаражатының қалдықтары өзге де ұзақ мерзімді активтердің құрамына енгізіледі; үш айдан астам, бірақ есепті кезеңнен кейін он екі айдан аз уақыт ішінде пайдалану шектелген ақша қаражаты өзге қысқа мерзімді активтердің құрамына енгізіледі.

Акционерлік капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты қосымша шығындар капитал құрамында салықтарды шегергендегі түсімдер сомасынан шегерімдер ретінде көрсетіледі. Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен акциялардың әрбір жеке шығарылымы кезінде әрбір акцияның құны, сондай-ақ заңнамаға сәйкес акциялардың саны айқындалады. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы капиталда эмиссиялық кіріс ретінде бейнеленеді.

Басқа да резервтік капитал

Басқа резервтік капиталға кәсіпорындар бірлестігінің резерві, акционермен операциялардың нәтижесі және басқа жиынтық кіріс/залал кіреді.

Негізгі құралдар объектілерін, бизнесті біріктіруді, басқа кәсіпорындағы қатысу үлестерін және шығу топтарын, ақша қаражатын және басқаларын қоса алғанда, акционердің өкімі бойынша шығындарды есептеу немесе активтерді бөлу капиталда «Басқа резервтік капитал» ретінде танылады. Басқа резервтік капиталға сондай-ақ акционерден алынған қарыздарды нарықтық емес талаптармен бастапқы танудан түскен кіріс кіреді.

Акцияға шаққандағы пайда және бір акцияның баланстық құны

Акцияға шаққандағы базалық пайда Топ акционерлерінің үлесіне келетін пайданың бір жыл ішінде орналастырылған жай акциялардың орташа өлшенген санына қатынасы ретінде есептеледі. Топта бөлінген әлеуетті жай акциялар жоқ, сондықтан бір акцияға шаққандағы бөлінген пайда бір акцияға шаққандағы негізгі пайдаға сәйкес келеді (*35-ескертуге*).

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс.

Қосылған құн салығы

Өткізу кезінде пайда болатын қосылған құн салығы (бұдан әрі «ҚҚС») тауарларды тиеу және қызметтерді көрсету кезінде салық органдарына төленуге жатады. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде төленген ҚҚС өнім жеткізушіден салық шот-фактурасын алу кезінде төленуге жататын ҚҚС есепке алынуы мүмкін.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Қосылған құн салығы (жалғасы)**

Салық заңнамасы ҚҚС-тың ақысын таза негізде төлеуге рұқсат етеді. Егер Топтың өзара есеп айырысуға заңды түрде бекітілген құқығы болмаса, ҚҚС бойынша активтер мен міндеттемелер гросс-негізде ұсынылады. Өтеуге ҚҚС, егер оны өтеу есепті кезеңнен кейінгі жыл ішінде күтілмесе, ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі.

Резервтер

Резервтер, егер бұрын белгілі бір оқиғаға байланысты Топтың заңды немесе қалыптасқан тәжірибеге негізделген міндеттемелері болса, оларды реттеу үшін ресурстардың үлкен дәрежеде кетуі қажет болса және ақшалай түрде жеткілікті сенімділік дәрежесімен бағалауға болатын болса танылады. Резервтер келешек операциялық шығындар бойынша танылмайды.

Құл үйінділерін және объектілерді пайдалану салдарын жоюға арналған резерв

Құл үйінділерін және объектілерді пайдалану салдарын жоюға арналған резерв тиісті міндеттемелердің туындау ықтималдығы жоғары және олардың сомаларын негізделген бағалау мүмкіндігі болған кезде танылады. Жоюға арналған резерв бағаланған болашақ шығындардың таза келтірілген құны негізінде қалдықтарды өндіру мен қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдаланудың тиісті фактісінен туындайтын міндеттеме пайда болатын есепті кезеңдегі негізгі құралдардың құнына қалыптастырылады және жатады. Құл үйінділерін жоюға арналған резервте құқық бұзушылықтар фактілеріне немесе келешекте залал келтіруге байланысты туындауы күтілетін қандай да бір қосымша міндеттемелер қамтылмайды.

Құл үйінділерін жою шығындарының құрамына құл үйіндісі инфрақұрылымының объектілерін бөлшектеуге немесе бұзуға, қоршаған ортаны тазартуға, шығарындыларға мониторинг жүргізуге арналған шығындар кіреді.

Шығындарды бағалау құл үйінділерін жою жоспары және объектілерді пайдалану салдарлары негізінде жүргізіледі. Шығындар сомаларының бағалау мәндері белгілі өзгерістерді, мысалы, жаңартылған бағалау сомаларын және активтерді немесе операциялық қызметті пайдаланудың қайта қаралған мерзімдерін ескере отырып, тұрақты негізде ресми тексерулер жүргізе отырып, пайдалануға қарай жыл сайын есептеледі.

Қажетті шығындардың нақты жиынтық сомасы белгісіз. Топ өз шығындарын техникалық-экономикалық негіздеме мен инженерлік зерттеулерге сүйене отырып, қолданыстағы техникалық қағидалар мен қоршаған ортаға салдарларды жою жұмыстарын жүргізу нормаларына сәйкес бағалайды. Резервтердің таза келтірілген құнын айқындау кезінде пайдаланылатын амортизация немесе дисконттың «күшін жою» сомасы әрбір есепті кезеңдегі қызмет нәтижелеріне жатады. Дисконт амортизациясы қаржылық шығындардың құрамында көрсетіледі.

Жұмыскерлерге сыйақылар**Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар**

Топ компаниялары өз жұмыскерлеріне ұжымдық еңбек шартының ережелеріне сәйкес зейнетке шыққанға дейін, шығу сәтінде және одан кейін ұзақ мерзімді сыйақыларды қамтамасыз етеді. Шарттарда зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақыны төлеу, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында Топ жұмыскерлеріне қаржылай көмек көрсету көзделген. Жеке жәрдемақыларды алу құқығы әдетте зейнетке дейін қалған еңбек ету мерзіміне және қызметкердің ең аз жұмыс өтілінің болуына қарай беріледі.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Жұмыскерлерге сыйақылар (жалғасы)*****Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар (жалғасы)***

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген сыйақымен зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Топтың қаржыландырылатын зейнетақы схемалары жоқ. Әрбір есепті кезеңнің соңында танылатын міндеттеме зейнетақы міндеттемелерінің ағымдағы құнын білдіреді. Жыл ішінде туындайтын актуарлық пайда мен зиян жыл ішіндегі басқа жиынтық кірісте көрсетіледі. Осы мақсатта актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдардағы өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдарды нақты деректерден ажыратуға қатысты өткен тәжірибенің әсерін де қамтиды.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алуда қолданылатын негізгі болжамдар – дисконт мөлшерлемесі және кадрлардың келіп-кетуі туралы болжам. Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі міндеттемелердегі барлық өзгерістерді тану олардың туындау сәтіне былайша ескеріледі: (i) қызметтердің құны және таза пайыздық шығыс пайдада немесе зиянда көрсетіледі; а (ii) қайта бағалау – басқа жиынтық кірісте.

Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

Еңбекақыны төлеу шығыстары және соған байланысты аударымдар

Жалақы шығыстары, зейнетақы аударымдары, әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар мен сырқаттану парақтары, сыйлықақылар мен ақшалай емес жеңілдіктер Топ қызметкерлерінің тиісті жұмысты жасау шамасына қарай есептеледі.

ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Топ өз жұмыскерлерінің атынан зейнетақы аударымдарын ұстайды және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға (бұдан әрі «БЖЗҚ») аударады. Ұжымдық еңбек шартына енгізілмеген қызметкерлерге қатысты жұмыскерлер зейнетке шыққан кезде Топтың қаржылық міндеттемелері тоқтатылады және барлық төлемдерді БЖЗҚ жүзеге асырады.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау шарттары бойынша туындайтын міндеттемелер бастапқыда келтірілген күн бойынша бағаланады.

Жалдау мерзімін ұзарту және тоқтату опциондары Топтың бірқатар жалдау шарттарында қарастырылған. Ұзартуға арналған опциондар (немесе жалдауды тоқтатуға арналған опциондардың талаптарында айқындалған мерзімнен кейінгі уақыт кезеңі) жалдау мерзіміне, егер шарттың ұзартылатындығында (немесе тоқтатылатындығында жеткілікті сенімділік болған жағдайда, қосылады. Міндеттемені бағалауға, егер жалдау мерзімі ұзартылатынына жеткілікті сенімділік болса, ұзартуға арналған опциондарды орындау шеңберінде жасалатын жалдау төлемдері де енгізіледі.

Жалдау төлемдері жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталады. Егер бұл мөлшерлемені оңай айқындауға мүмкін болмаса, бұл әдетте Топ қолында жалдау шарттары болғанда орын алады, Топ қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін қолданады – бұл сол бойынша Топ дәл сондай мерзімге және дәл сондай қамтамасыз етумен дәл сондай экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы активтің құнына ұқсас келетін құнымен активті алуға қажетті қарыз қаражатын тарта алатын мөлшерлеме.

Жалдау төлемдері міндеттемелердің негізгі сомасына және қаржылық шығыстарға бөлінеді.

Жабдықтар мен көлік құралдарын қысқа мерзімді жалға алу және құны төмен кез келген активтерді жалға алу бойынша төлемдер желілік әдіспен пайда немесе зиян құрамындағы шығыстар ретінде танылады. Қысқа мерзімді жалдау 12 айдан аспайтын жалдау шартын білдіреді.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Қарыздар**

Кредиттер мен қарыздар бастапқыда әділ құны бойынша, мәміле бойынша жұмсалған шығындарды шегергенде, содан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған күн бойынша есепке алынады.

Нарықтық емес талаптарда акционерлерден алынған қарыздарды есепке алу кезінде Топ капиталда бастапқы танудан түскен кірісті/(залалды) капиталға салым ретінде/(капиталды бөлу) көрсетеді. Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есепке алу тәртібі барлық ұқсас операцияларға дәйекті түрде қолданылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетіледі.

Мақсаты бойынша немесе сату үшін пайдалануға дайындау міндетті түрде қомақты уақытты қажет ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты жалпы және нақты мақсаттарға тартылған қарыздар бойынша шығындар (белгілі бір талаптарға жауап беретін актив) осындай актив құнының құрамына кіреді.

Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек

Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек тауарларды немесе қызметтерді алу фактісі бойынша есептеледі. Алынған аванстарды қоспағанда, негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек бастапқыда әділ күн бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған күн бойынша есепке алынады. Алынған аванстар үшінші тараптардан алынған нақты сомалар бойынша көрсетіледі.

Түсімді тану

Түсім - бұл Топтың әдеттегі қызметі барысында пайда болатын кіріс.

Түсім мәміле бағасының мөлшерінде танылады. Мәміленің бағасы Топ үшінші тараптардың атынан алынған сомаларды есепке алмай, сатып алушыға уәде етілген тауарларға немесе қызметтерге бақылауды беруге айырбас ретінде алу құқығын күтетін өтемақы. Түсім қосылған күн салығы мен жеңілдіктерді шегере отырып көрсетіледі. Электр энергиясын сатудан түскен түсім кезең ішінде танылады.

Топтың шоғырландырылған түсімінің негізгі үлесі электр және жылу энергиясын өткізу мен беруден, сондай-ақ ыстық суды өндіруден түсетін түсімге тиесілі. Топ сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді уақыт ішінде таниды.

Шарттардың талаптарына сәйкес электр және жылу энергиясын өткізуге және беруге міндеттемелер шарт жасалған кезде анықталады. Электр және жылу энергиясын өткізу және беру шарттары ілеспе және / немесе қосымша қызметтерді қамтымайды.

Топ уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру мен оларды сатып алушының төлеуі арасындағы кезең бір жылдан асатын шарттар жасасуды көздемейді. Демек, Топ мәміле бағаларын ақшаның уақытша құнының әсеріне түзетпейді.

Шарттың талаптарына сәйкес электр және жылу энергиясын өткізуге және беруге шарттың сомасы электр немесе жылу энергиясының өткізілген немесе берілген көлемі үшін баға болып табылады, бұл қызметтің/тауардың дербес объектісі болып табылады.

Электр және жылу энергиясын өндіру және өткізу

Түсім Топтың электр станциялары өткізген электр және жылу энергиясының нақты көлемі негізінде айқындалады.

Түсім сомасы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сүйене отырып айқындалады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Түсімді тану (жалғасы)***Электр және жылу энергиясын өндіру және өткізу (жалғасы)*

Электр энергиясын және жылу энергиясын өткізуден түскен түсім ай сайын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде танылады. Есепке алу еу аспаптары Топ станциясының электр және жылу энергиясын беру желілеріне қосылу пунктінде орнатылған.

Дебиторлық берешек Топ станциясының электр және жылу энергиясын беру желілеріне қосылу пунктінде электр - жылу энергиясы өткізілген кезде танылады, өйткені бұл кезде төлем мерзімінің басталуы тек уақыттың өтуіне байланысты болғандықтан өтеу сөзсіз болып табылады. Есепті кезеңде берілген электр және жылу энергиясының нақты көлемі электр энергиясын жіберу көлемі туралы актімен/жылу энергиясының көлемін салыстыру актісімен расталады. Шот-фактуралар сатып алушыларға ай сайын беріледі.

Электр энергиясын беру және бөлу

Топ уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сүйене отырып берілген және бөлінген электр энергиясының 1 кВт/сағ. үшін белгіленген сыйақысы бар шарттар бойынша қызмет көрсетеді.

Қызмет көрсетуден түскен түсім қызметтер көрсетілген есепті кезеңде ай сайын танылады. Түсім есепті кезең ішінде берілген электр энергиясының нақты көлеміне сүйене отырып танылады, өйткені сатып алушы бір уақытта пайда алады және тұтынады.

Есепті кезеңде берілген және бөлінген электр энергиясының нақты көлемі ай сайын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде сатып алушылармен жасалатын және қол қойылатын берілген және бөлінген электр энергиясының көлемін салыстыру актілерімен расталады. Шоттар сатып алушыларға ай сайын әр айдың соңғы күніне қойылады және өтеу шот-фактурадан кейін 5 жұмыс күні ішінде төленеді.

Дебиторлық берешек шот жазылып берілген кезде танылады, өйткені бұл кезде төлем мерзімінің басталуы тек уақыттың өтуіне байланысты болғандықтан, өтеу сөзсіз болып табылады.

Электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерінен түскен түсім

Сондай-ақ, Топ электр қуатының әзірлігін қолдау қызметін көрсетеді. Электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерін көрсетуден түскен түсім осы қызметтер көрсетілген есепті кезеңде танылады. Түсім нақты қолда бар электр қуатының негізінде, Қуат нарығының қағидаларына сәйкес бірыңғай сатып алушыдан электр қуатының дайындығы туралы ай сайынғы есептер негізінде анықталады.

Шарт бір айда бір кВт қолдау көрсетілетін қуатқа ақы төлеуді көздейді және түсім Топтың шотты жазып беруге құқығы бар сомада танылады.

Есепті айда қол қойылған акт негізінде Топ шот-фактураларды Бірыңғай сатып алушыға ай сайын береді.

Топ 15 B16 ҚЕХС (IFRS) практикалық жеңілдетуді қолданады.

Электр энергиясын сату

Топ электр энергиясын уәкілетті орган келіскен тарифтерді негізге ала отырып, жеке және заңды тұлғалармен жасалған шарттар бойынша өткізеді.

Есептегіштердің көрсеткіштеріне сәйкес электр энергиясы тұтынылған есепті кезеңде заңды тұлғаларға сатудан түскен түсім ай сайын танылады. Заңды тұлғалар үшін шарт төлем құжатын ұсынған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуді көздейді. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар үшін шарт есеп айырысудан кейінгі 15-ші күнге дейін төлемді көздейді.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Түсімді тану (жалғасы)***Электр энергиясын сату (жалғасы)*

Жеке тұлғаларға өткізуден түскен түсім электр энергиясы тұтынылған есепті кезеңде ай сайын танылады. Жеке тұлғалармен жасалған шарттар бойынша түсім есептегіш айғақтар алынғаннан кейінгі айдың соңғы бірнеше күніндегі түсімді қамтиды, ол есепті айда сатылған электр энергиясының жалпы көлеміне барабар деп танылады. Жеке тұлғаларға арналған шарт Компания жазып берген төлем құжатының негізінде есеп айырысудан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей төлемді көздейді. Есептік кезең бір күнтізбелік айды құрайды.

Табыс салығы

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте табыс салығы есепті кезең соңына қолданылатын не болмаса іс жүзінде күшіне енген ҚР заңнамасына сәйкес көрсетілген.

Ағымдағы салық бюджетке төленуі немесе ағымдағы әрі өткен кезеңдер үшін салық салынатын пайдаға немесе зиянға қатысты мемлекеттік бюджеттен өтелуі болжанған соманы білдіреді.

Кейінге қалдырылған салық активтері Топтың әрбір жеке компаниясының шеңберінде кейінге қалдырылған салық міндеттемелеріне қарсы есептелуі мүмкін.

Топ еншілес компаниялардың дивидендтеріне салынатын салықтарға немесе оларды сатудан түскен кірістерге қатысты уақыт айырмаларының қайтарылуын бақылайды. Топ мұндай уақыт айырмалары бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін, басшылық жақын болашақта уақыт айырмаларының қайтарылуын күткен жағдайларды қоспағанда, көрсетпейді.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме негізгі құралдардың құнына жатқызылған активтерді жоюға арналған шығындар бойынша салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты танылады, ал кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив активтерді жоюға арналған резерв бойынша шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты жоғарыда көрсетілген тану шарттары ескеріле отырып танылады.

Анықталмаған салық позициялары

Топтың анықталмаған салық позицияларын басшылық әр есепті кезеңнің соңында бағалайды. Табыс салығы бойынша позицияларға қатысты көрсетілетін міндеттемелер басшылық, егер Топтың салық позициясына салық органдары дау айтса, қосымша салық міндеттемелерінің туындау ықтималдығы олардың болмау ықтималдығынан жоғары деп есептеген жағдайларда ескеріледі.

Мұндай бағалау есепті кезеңнің соңында қолданылып жүрген немесе қолданылып жүрген салық заңнамасын, сондай-ақ соттың кез келген белгілі қаулыларын немесе осындай мәселелер бойынша өзге де шешімдерді түсіндіру негізінде жүргізіледі. Айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша міндеттемелер, табыс салығын қоспағанда, басшылықтың есепті кезең соңындағы міндеттемелерді реттеуге қажетті шығыстарды ең жақсы бағалауы негізінде көрсетіледі. Табыс салығы бойынша белгісіз позициялар бойынша түзетулер табыс салығы бойынша шығыстардың құрамында көрсетіледі.

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРУЛЕР**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Топ 2025 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін бірқатар стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды (егер өзгесі көрсетілмесе). Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРУЛЕР (жалғасы)

21 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер - «Валюталардың айырбасталуын шектеу»

2025 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін «Валюталардың айырбасталуын шектеу» 21 ҚЕХС (IAS) «Валюта бағамдары өзгерістерінің әсері» түзетулері ұйымның валютаның айырбасталатындығын қалай бағалауы керектігін, сондай-ақ айырбастау мүмкіндігі болмаған жағдайда спот-бағамды қалай анықтау керектігін нақтылайды. Түзетулер сонымен қатар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға бір валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкіндігінің болмауы ұйымның қаржылық нәтижелеріне, қаржылық жағдайына және ақша ағындарына қалай әсер ететінін немесе әсер ететінін түсінуге мүмкіндік беретін ақпаратты ашуды қажет етеді.

Топ аталған түзетулердің талаптарын талдап, олар шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер етпейді деген қорытындыға келді, өйткені есепті күні Топтың операциялары еркін айырбастау мүмкіндігі бар валюталарда жүзеге асырылады және айырбасталуы шектеулі валюталар жоқ. Осыған байланысты түзетулерді қолдану есеп саясатының өзгеруіне әкелмеді және Топтың қаржылық жағдайына, қаржылық нәтижелеріне және ақша ағындарына әсер етпеді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

18 ҚЕХС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»

18 ҚЕХС (IFRS) «Қаржылық есептілікті ұсыну»1 ҚЕХС-ті (IAS) ауыстырады және 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін қолданылады. Жаңа стандарт келесі негізгі жаңа талаптарды енгізеді.

- Ұйымдар пайда мен зиян туралы есепте барлық кірістер мен шығыстарды бес санат бойынша жіктеуі керек, атап айтқанда: операциялық қызмет, инвестициялық қызмет, қаржылық қызмет, тоқтатылған қызмет және табыс салығы. Ұйымдар сонымен қатар стандартпен анықталған «операциялық пайда» жаңа аралық жиынтығын ұсынуы керек. Ұйымдардың таза пайдасы өзгермейді;
- Басшылық айқындайтын тиімділік көрсеткіштері (MPM) қаржылық есептіліктегі бір жалпы ескертпеде ашылады;
- Қаржылық есептілікте ақпаратты топтастыру бойынша кеңейтілген ұсынымдар берілді.

Сонымен қатар, барлық ұйымдар операциялық қызметтен түсетін ақша ағындарын жанама әдіспен ұсынған кезде ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте операциялық пайданың аралық жиынтығын бастапқы нүкте ретінде пайдалануы керек.

Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептер мен қаржылық есептілік жазбаларына қандай әсер ететінін анықтау үшін жұмыс істеуде. Алдын ала бағалау бойынша стандартты қабылдау нәтижесінде Топтың қаржылық есептілігіне мынадай елеулі өзгерістер енгізу қажет деп болжанады:

- төленген пайыздар ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте сәйкесінше инвестициялық және қаржылық қызметке қатысты болады;
- бағамдық айырмалар бағамдық айырманың туындауына әкеп соғатын кірістер мен шығыстардың тиісті баптары көрсетілетін санатқа жатқызылатын болады;
- жаңа ақпаратты ашып көрсету қосылады: (а) басшылық айқындайтын қызмет нәтижелерінің көрсеткіштерін; (б) егер жиынтық кіріс туралы есепте шығыстар операциялық санатта олардың мақсаты бойынша ұсынылса, олардың сипаты бойынша жіктелуі бар шығыстардың жекелеген түрлерін және (в) 18 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес ұсынылған қайта есептелген сомалар мен 1 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес бұрын ұсынылған сомалар арасындағы жиынтық кіріс туралы есептің әрбір жолы бойынша салыстырып тексеруді;

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРУЛЕР (жалғасы)

19 ҚЕХС (IFRS) «Жария есептілігі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу» және кейінгі түзетулер

2024 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес 19 ҚЕХС-ті (IFRS) шығарды, ол белгілі бір критерийлерге жауап беретін ұйымдарға ақпаратты ашуға жеңілдетілген талаптарды қолдануға мүмкіндік береді, сонымен бірге ҚЕХС-тің басқа бухгалтерлік есеп стандарттарын тануға, бағалауға және ұсынуға қойылатын талаптарды толық қолданады. Егер ұйым есепті кезеңнің соңында 10 ҚЕХС (IFRS) анықтамасына сай еншілес ұйым болып табылса, жария есеп беретін ұйым болып табылмаса және оның жалпы пайдалануға қолжетімді ҚЕХС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындайтын бас ұйымы (түпкілікті немесе аралық) болса, осы стандартты қолдана алады. 19 ҚЕХС (IFRS) 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Топтың нарықта айналымда жүретін борыштық құралдары болғандықтан, ол 19 ҚЕХС (IFRS) қолдану критерийлеріне жауап бермейді.

Есепке алудың басқа да стандарттары

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- 9 ҚЕХС-ке (IFRS) және 7 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер «Қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға түзетулер»;
- Табиғи көздерден алынатын электр энергиясын жеткізуге арналған шарттар (9 ҚЕХС (IFRS) пен 7 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер);
- «Жария есептілігі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу» 19 ҚЕХС-ке түзетулер (2025 жылғы 21 тамызда шығарылды)
- Гиперинфляциялық болып табылатын ұсыну валютасына қайта есептеуге қатысты «Валюта айырбастау бағамдары өзгерістерінің әсері» 21 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер;
- ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайын жетілдіру, 11-шығарылым.

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР

Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бухгалтерлік бағалаулар мен жорамалдар жүргізеді. Бухгалтерлік бағалау мен пайымдаулар үнемі талдауға ұшырап отырады және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа да факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген болып табылады деп саналатын келешек оқиғаларға қатысты үміттерге негізделген. Есеп саясатын қолдану процесінде басшылық бухгалтерлік бағалаулармен байланыстыдан басқа, кәсіби пайымдауларды да қолданады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға барынша ықпалын тигізетін кәсіби пайымдауларға және келесі қаржы жылының ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын айтарлықтай түзету қажеттілігіне әкеп соқтыра алатын бухгалтерлік бағалауға мыналар жатады:

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезең соңына басшылық жеке активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің және гудвилден басқа активтер немесе активтер тобы үшін алдыңғы кезеңдерде танылған құнсыздану залалы бұдан былай жоқ немесе азайды деген белгілердің бар-жоғын бағалайды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)**

Кез келген мұндай белгілер болған жағдайда басшылық активтің өтелетін құнын бағалайды, ол сату шығындары мен оны пайдалану құндылығын шегергендегі оның әділ құнының ең үлкен мөлшері ретінде анықталады. Пайдалану құндылығын есептеу басшылық тарапынан қалыптасқан жағдайларда негізделген деп есептелетін бағалау деректері мен кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау сонымен қатар негізгі құралдар объектілерінің ықтимал технологиялық ескіруін, қызметін тоқтатуды, олардың пайдалы қызметінің қалдық мерзімдерін және пайдалану жағдайларының басқа да өзгерістерін анықтауда пайымдаулар мен бағалауларды пайдалануды талап етеді.

36 ҚЕХС-ке (IAS) сай құнсыздану белгілерінің бірі кезең ішінде болған немесе таяу болашақта Топ қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңгерлік талаптарда немесе соған актив арналған нарықта күтілетін Топ үшін теріс салдары болған елеулі өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтердің өтелетін құнын бағалау кезінде Топ бағалауды қолданып, пайымдаулар жасайды. Бағалаулар мен пайымдаулар үнемі сыни талдауға ұшырап отырады және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа да факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген болып табылады деп саналатын келешек оқиғаларға қатысты үміттерге негізделген. Басшылық сондай-ақ есеп саясатын қолдану процесінде, бағалауды қажет ететіндерден басқа, кейбір пайымдауларды пайдаланады.

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату

Топ басшылығы «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АлЭС»), «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз І-МАЭС» ЖШС (бұдан әрі - «ЕІ-МАЭС»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі «АЖК») негізгі құралдарының құнсыздану белгілерін, сондай-ақ бірлескен компанияларға инвестицияларды бағалады, ол «Активтердің құнсыздануы» 36 ҚЕХС-ке (IAS) сай жүргізілді.

Ықтимал құнсыздану белгілерінің болуын бағалау кезінде пайдаланылған негізгі фактілер мен жорамалдар мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективадағы болжамды өсім;
- Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы №42-н/к бұйрығымен енгізілген және 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілген өзгерістерге байланысты 15-19% мөлшерінде ұлғайту;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 126-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 154-НҚ «Тарифтердің шекті деңгейлерін бекіту туралы» бірлескен бұйрығына енгізілген өзгерістерге және 2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру бойынша АЖК реттелетін қызметіне тарифтік сметаға сәйкес, тарифтер өсуінің оң серпінділігі сақталып отыр. Атап айтқанда, 2025 жылғы 1 сәуірден бастап электр энергиясын беру тарифі 10,6 теңгеден/кВт·сағ (ҚҚС-сыз) 12,96 теңгеге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз) дейін, 2025 жылғы 1 тамыздан бастап - 14,25 теңгеге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз) дейін, 2025 жылғы 1 қазаннан бастап - 13,99 теңге/кВт сағ дейін (ҚҚС-сыз);

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату (жалғасы)**

- Кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі активтердің өтелетін құнына елеулі әсер етпейді, өйткені қарыздық қаржыландыру мөлшерлемесінің ұлғаюы электр энергиясына шекті тарифтерді, сондай-ақ ҚР Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесіне сәйкес шекті тарифтер қолданысының келесі кезеңінде пайда нормасын есептеу кезінде WACC мөлшерлемесінде ұқсас түрде көрініс табады, сондай ақ тарифтің шығыс бөлігіне алдыңғы кезеңдегі сыйақылар бойынша шығыстар енгізіледі;
- Инфляция мөлшерлемелерінің өзгеруі айтарлықтай әсер етпейді, өйткені тарифтің шығын бөлігіне өткен жылғы нақты инфляцияны ескере отырып шығыстар қосылады. «Табиғи монополиялар туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы ҚРЗ № 177-VII енгізілген қосымша өзгерістер электр энергиясын беру мерзімінің аяқталуына дейін бес жылдық кезеңге бекітілген тарифтерді түзету үшін қосымша талаптарды көздейді (ұлттық жобаларды іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту, желілерді балансқа не сенімгерлік басқаруға қабылдау, орташа айлық номиналды жалақының өзгеруі);
- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын өткізу нарығының жаңа нысаналы моделін енгізу еншілес Компанияларының электр станцияларының кірісіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. БРЭ-де теңгерімсіздіктерді сатып алу көлемі (АРЧМ мен реттеудегі өтімдерді есепке алмағанда) көтерме нарықта электр энергиясын сатудың 1%-дан сәл астамын құрайды, бұл шамалы ауытқу болып табылады. Сонымен қатар, АРЧМ қолдану және өтінім беру арқылы БРЭ-де электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын Топтың станциялары осы нарықтағы теңгерімсіздік бағасының әсерін едәуір дәрежеде теңестіреді;
- Еншілес компаниялар үшін кезең ішінде орын алған немесе жақын болашақта болжамды орын алуы мүмкін қолайсыз салдары бар едәуір өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективадағы болжамды өсім.

Ықтимал құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілерін бағалау нәтижесінде Топ басшылығы бағалау күніне құнсыздану белгілері жоқ деген тұжырымға келді. Тиісінше, Топ басшылығы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардың құнсыздануына тест өткізбеу шешімін қабылдады.

Екібастұз 2-МАЭС-те № 3 энергия блогын салу үшін сатып алынған жабдықтың құны

2008 жылы Топтың бірлескен кәсіпорны, Екібастұз 2-МАЭС қуаты 500 МВт № 3 энергия блогының құрылысын дайындауды бастады. Кейіннен жоба қайта қаралды және 2016 жылға дейін Компания жобалық-сметалық құжаттаманы іске асыру, алдын ала құрылыс және қуаты 630 МВт жана № 3 энергия блогы үшін қажетті жабдықты сатып алу сатысында болды. 2016 жылғы 29 тамызда құрылыс мерзімдерінің ауысуына байланысты Екібастұз 2-МАЭС мен «КВАРЦ KZ» ЖШС арасында жасалған № 3 энергия блогын салу жөніндегі бас мердігерлік шартты бұзды.

Келесі жылдары жобаны жүзеге асыру үшін қадамдар жасалды:

- 2022 жылғы 14 наурызда Инвестициялық бағдарламаларды қарау жөніндегі нарық кеңесінің комиссиясы уәкілетті органның қарауына «Екібастұз 2-МАЭС» АҚ «№3 ст. энергия блогын орната отырып, Екібастұз 2-МАЭС кеңейту және қалпына келтіру» инвестициялық бағдарламасын ұсынуға бірауыздан шешім шығарды;
- Станцияны Қытай Халық Республикасынан жабдықты қабылдауға және тиісті түрде сақтауға дайындау бойынша шаралар қабылданды, ангар үлгісіндегі жылытылатын ғимараттар салынды және күзетілетін қойма үй-жайлары бөлініп берілді. Энергия блогына арналған технологиялық жабдықтың едәуір бөлігі қабылданды. Алайда, энергия блогының құрылысын аяқтау үшін жабдықтың жетіспейтін бөлігіне қосымша тапсырыс қажет болады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Екібастұз 2-МАЭС-те № 3 энергия блогын салу үшін сатып алынған жабдықтың құны (жалғасы)

Қазақстанның Энергетика министрлігінің 2026-2032 жылдарға арналған болжамды балансына сәйкес 2032 жылға дейін жаңартылатын электр энергиясы көздері үлесінің жоспарланып отырған ұлғаюына байланысты энергия жүйесін реттеуді қамтамасыз ету үшін қосымша маневрлік қуаттарды салу қажеттілігі туындайды. Бұл болжамдарда Екібастұз 2-МАЭС кеңейтуді және 3-МАЭС жаңа станциясын құруды қоса алғанда, жаңа генерациялау объектілерін салу көзделген, бұл электр энергиясы тапшылығы мен маневрлік қуаттарды азайтуға бағытталған.

Топ басшылығы аталған фактілерді ескере отырып, сатып алынған қытай жабдықтарын пайдаланудың стратегиялық нұсқаларын қарастырады. Ықтимал сценарийлердің ішінде: а) осы жабдықты пайдалана отырып, Екібастұз 2-МАЭС-те маневрлік энергия блогын салуды жалғастыру және б) жаңа 3-МАЭС станциясының құрылыс жобасын іске асыру үшін жабдықты беру.

«Таза көмір технологиясы негізінде 3-МАЭС құрылысы» жобасы бойынша резервтер

2024 жылғы 18 сәуірде Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы саласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесінің хаттамасымен станцияның белгіленген қуатын төрт энергия блогына дейін ұлғайтуды көздейтін 3-МАЭС құрылысы жобасының алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесі үшін техникалық тапсырмаға өзгерістер енгізу, сондай-ақ бастапқыда Екібастұз 2-МАЭС №3 энергия блогына арналған ҚХР-да сатып алынған жабдықты пайдалану мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

2024 жылғы 8 шілдеде «Жылу энергетикасы мәселелері жөніндегі» заң жобасы шеңберінде «Таза көмір технологиясы негізінде 3-МАЭС құрылысы» жобасы үшін жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылысына (инвестицияларды қайтару бөлігінде) тендер өткізудің қолданыстағы тетігін жетілдіру бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді.

2025 жылы заңнамада белгіленген тәртіппен «Таза көмір технологиясы негізінде 3-МАЭС құрылысы» жобасын іске асыру үшін мердігерлік ұйымды іріктеу бойынша тендерлік рәсімдер өткізілді. Ұсынылған өтінімдерді қарау қорытындысы бойынша 2025 жылғы 15 қазанда тендерлік комиссия жобаның жеңімпазын анықтады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 21 қаңтардағы хаттамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде Екібастұз қаласында 3-МАЭС жобасы бойынша техникалық құжаттаманы дайындауды аяқтау тапсырылды.

Осыған сүйене отырып, басшылық ҚХР-да сатып алынған технологиялық жабдықты оның баланстық құны бойынша жаңа ұйымға берудің ең ықтимал сценарийін қарастырады. Осыған байланысты, 2025 жылғы 31 желтоқсанға 6.095.699 мың теңге мөлшерінде (100%) (2024 жылғы 31 желтоқсан: 18.524.342 мың теңге) Екібастұз 2-МАЭС №3 энергия блогының жобасы бойынша шығындар АҚ құнсыздануынан болған шығын құрамында көрсетілген.

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭО-3 және ЖЭО-2 жаңғырту

Алматы ЖЭО-3 және ЖЭО-2 жаңғырту жобалары (бұдан әрі – Жобалар) Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде іске асырылады.

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, ЖЭО-2 жаңғырту жобасы Алматы ЖЭО-2 алаңында қуаты 600 МВт дейінгі газбен жұмыс істейтін жаңа станцияны салуды қамтиды. 2024 жылғы 31 желтоқсанда 2024-2038 жылдарға арналған «Алматы электр станциялары» АҚ отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып генерациялайтын қондырғылар салумен жаңғыртуға, қайта құруға және (немесе) кеңейтуге №52 Инвестициялық келісімге қол қойылды. Бұл келісім барлық салынған инвестицияларды қуат нарығының тетігі арқылы қайтаруға мүмкіндік береді.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭО-3 және ЖЭО-2 жаңғырту (жалғасы)

Қуаттылығы кемінде 450 МВт болатын ПГУ құрылысымен бірге Алматы ЖЭО-3-ті қайта жаңарту Қазақстанның оңтүстік аймағындағы маневрлік қуаттардың тапшылығын ішінара жабу үшін қолданыстағы шаң-көмір жабдығын қазіргі экологиялық таза бу-газды энергия блоктарына ауыстыруды, маневрлік жұмыс режимі бар жаңа ЖЭО-ның қолданыстағы алаңында үлкен қуатты салуды көздейді. 2023 жылғы 17 наурызда «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен маневрлік генерациялау режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шартқа қол қойылды.

Басшылықтың бағалауына сай, ауыстыруға жататын ЖЭО-3 және ЖЭО-2 активтерінің қалдық құны жаңа бу-газ энергоблоктарын пайдалануға беру сәтіне дейін нөлге тең болады.

Жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру үшін Топ түрлі қаржы институттарымен қарыз шарттарын жасасты (18-ескертпе).

Байқаулардың нәтижелері бойынша Жобаларды іске асыру үшін өнім жеткізушілермен ЕРС-шарттары жасалды.

Орындалған жұмыстардың мәртебесі:

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭО-2 жаңғырту

2025 жылғы 31 желтоқсанға Топ аяқталмаған құрылыс құрамында ҚҚС-ты қоспағанда, 114.886.470 мың теңге сомасына (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 18.574.198 мың теңге) ЕРС-келісімшарт шеңберінде Алматы ЖЭО-2 құрылыс алаңына нақты тиелген және жеткізілген жабдықты көрсетті. Бұдан басқа, 2025 жылғы 31 желтоқсанға ҚҚС-ты қоспағанда, 43.827.740 мың теңге сомасына (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 23.412.629 мың теңге) аяқталу дәрежесі бойынша есептеу әдісімен көрсетілген ЖЭО-2 үшін аяқталмаған жабдықтың құны капиталдандырылды. 2024-2025 жылдары орындалған, ҚҚС-ты қоспағанда, ЕРС - келісімшарт шеңберінде 61.294.561 мың теңге сомасына құрылыс-монтаж жұмыстары (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 7.345.497 мың теңге) капиталдандырылды. ЕРС келісімшарттары бойынша шығындарды капиталдандыру Топ активті бақылауға алған кезде жүзеге асырылады. Егер есептілік күніне аяқталмаған жұмыстарды бақылау өтпесе (заңды атағы жоқ болса, бұзу кезінде төлем құқығы және актив мердігер үшін баламасыз болып табылмаса), тиісті сомалар жеткізушілерге аванстар ретінде көрсетіледі. Саясат және бақылау критерийлері 2-ескертпеде ашылған; аванстардың шамасы туралы мәліметтер - 11-ескертпеде.

Алматы ЖЭО-3 қайта құру

2024-2025 жылдары орындалған, ҚҚС-ты қоспағанда, 17.293.137 мың теңге сомаға (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 2.212.400 мың теңге) ЕРС-келісімшарты шеңберінде ЖЭО-3 бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары капиталдандырылды. Міндеттемелерді бағалау техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) негізінде жүргізілді. Сондай-ақ, 2025 жылғы 31 желтоқсанға, ҚҚС-ты қоспағанда, ЖЭО-3 үшін аяқталмаған жабдықтың құны 61.508.522 мың теңге сомаға (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 22.135.105 мың теңге) капиталдандырылды. ЕРС келісімшарттары бойынша шығындарды капиталдандыру Топ активті бақылауға алған кезде жүзеге асырылады. Егер есептілік күніне аяқталмаған жұмыстарды бақылау өтпесе (заңды атағы жоқ болса, бұзу кезінде төлем құқығы және актив мердігер үшін баламасыз болып табылмаса), тиісті сомалар жеткізушілерге аванстар ретінде көрсетіледі. Саясат және бақылау критерийлері 2-ескертпеде ашылған; аванстардың шамасы туралы мәліметтер - 11-ескертпеде.

Капиталдандыру 16 ҚЕХС (IAS) талаптарына сәйкес жүзеге асырылды, өйткені шығындар активті оны болжамды пайдалануға дайындаумен байланысты және шығындарды сенімді түрде өлшеуге болатын болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары.

Егер актив ұзақ мерзімді ЕРС-келісімшартының шеңберінде құрылса және активте мердігер үшін балама пайдалану болмаса және ЕРС-келісімшартының талаптары мердігерге нақты орындалған жұмыс үшін ақы алу құқығын берсе, тіпті келісімшарт бұзылған жағдайда да, шығындар капиталдандырылуы мүмкін.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Жаңартылатын энергия көздерінің негізгі құралдарын есепке алу

Баланстық құны 13.706.368 мың теңге болатын негізгі құралдар 12.618.057 мың теңге сомасында Бірінші жел электр станциясының (бұдан әрі- «БЖЭС») және 1.088.311 мың теңге сомасында «Samruk-Green Energy» ЖШС активтерін білдіреді (2024 жыл: 14.026.839 мың теңге, оның ішінде БЖЭС активтері 12.918.858 мың теңгені, ал «Samruk-Green Energy» ЖШС активтері 1.107.981 мың теңгені құрайды).

Есеп айырысу-қаржы орталығы - мемлекеттік ұйым ЖЭК-тен электр энергиясын өндіретін компаниялардан өндірілген электр энергиясының барлық көлемін сатып алатын агент ретінде әрекет етеді. Электр энергиясының барлық көлемі жыл сайын инфляция мөлшерлемесіне түзетілетін келісілген тариф бойынша станциялардан сатып алынады.

Негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімдері

Негізгі құралдардың пайдалы пайдалы ету мерзімін бағалау ұксас активтерге қатысты тәжірибенің негізінде кәсіпқой пайымдауды қолдана отырып жүргізілді. Мұндай активтермен байланысты келешек экономикалық пайда, негізінен, оларды пайдаланудың нәтижесінде алынады. Дегенмен, технологиялық немесе коммерциялық тұрғыдан ескірген, сондай-ақ құрал-жабдықтың тозуы сияқты басқа да факторлар мұндай активтермен байланысты экономикалық пайданың азаюына жиі әкеп соқтырады. Басшылық активтердің ағымдағы техникалық жай-күйіне сүйене отырып және соның ішінде бұл активтер Топқа экономикалық пайда әкелетін есепті кезеңді ескере отырып негізгі құралдардың пайдалы қызмет етуінің қалған мерзімін бағалайды.

Бұл ретте назарға келесі негізгі факторлар алынады: (а) активтерді пайдаланудың күтілетін мерзімі; (б) пайдалану сипаттамалары мен техникалық қызмет көрсетудің регламентіне тәуелді болатын құрал-жабдықтың күтілетін физикалық тозуы; және (в) нарықтық жағдайлардың өзгеруінің нәтижесінде технологиялық және коммерциялық тұрғыдан құрал-жабдықтың моральды тозуы.

Егер тиімді пайдаланудың есептік мерзімдері басшылықтың бағалауларынан 10%-ға ерекшеленетін болса, 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін амортизациялық аударымдар 13.264.991 мың теңгеге/10.553.594 мың теңгеге (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 6.037.439 мың теңгеге/ 4.605.221 мың теңгеге ұлғаюы/кемуі тиіс) ұлғайтылуы/ кемуі тиіс еді.

Активтің қалдық құны, қажеттілік болғанда пайдалы қызмет мерзімі және амортизациялау әдістері әрбір қаржы жылының аяғында қайта қаралады және түзетіледі. 2025 жыл ішінде басшылық негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімдері мен тарату құнын қайта қарады. Қайта қарау нәтижелері бойынша бағалауда елеулі өзгерістер анықталған жоқ.

Балқаш ЖЭС (бұдан әрі «БЖЭС»)

2019 жылғы 29 қазанда Топ Samsung C&T компаниясынан БЖЭС-тің 50%+1 акциясын сатып алды және БЖЭС-тің 100% үлесінің иесі болды. Сатып алу кезінде БЖЭС банкроттықтың алдында тұрды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмады, бұл ретте Топ сатып алынған күннен бастап БЖЭС-ті бақыламады. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен жеткізушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігіне байланысты берешекті өндіріп алу және БЖЭС-ті банкрот деп тану туралы бірнеше рет сотқа жүгінді, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкелді, сондай-ақ БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 2019 жылғы 6 желтоқсанда сот шешімімен банкроттық процесін бақылау және жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

2022 жылғы 20 сәуірде «Банк ЦентрКредит» АҚ өтініші бойынша Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық соты (бұдан әрі - МЭАС) БЖЭС банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Алматы облысының МЭАС 2022 жылғы 27 маусымдағы шешімімен БЖЭС-ті банкрот деп танудан бас тартылды. Жоғарғы соттың азаматтық істер жөніндегі Сот алқасының қаулысымен МЭАС шешімі өзгеріссіз қалды, «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның апелляциялық шағымы өзгеріссіз қалды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Жарғыда көзделген БЖЭС қызметі жүзеге асырылмайды, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЭС мүлкін кредиторлар алдындағы борышты өтеу есебіне аукцион арқылы кейіннен өткізу үшін кредиторлардың өтініштері бойынша сот орындаушылары және салық органдары толық көлемде есепке алып, қамауға алады. Сот орындаушыларының өндірісінде қазір БЖЭС-тен 17,4 млрд. теңге жалпы сомаға берешекті өндіріп алу туралы 5 іс жатыр, сондай-ақ салық берешегі де бар, осыған орай сот орындаушылары мен салық органдары БЖЭС-ке мынадай шаралар қолданды: 1) жылжымалы және жылжымайтын мүлікке тыйым салу, 2) банктік шоттар мен ақшаға тыйым салу, 3) барлық тіркеу әрекеттеріне тыйым салу, 4) мүлікке билік етуге тыйым салу; 5) бағалы қағаздарға тыйым салу және олармен мәмілелерге тыйым салу, 6) мыналарға тыйым салу: жарғының жаңа редакциясы, атауын өзгерту, жарғылық капитал мөлшерін азайту, қатысушылар құрамын өзгерту, құрылтайшылар (мүшелер, қатысушылар) құрамын өзгерту, орналасқан жерін өзгерту (тіркеу орнын өзгерте отырып), орналасқан жерін өзгерту (тіркеу орнын өзгертпей), қызмет түрлерінің өзгеруі, құқықтық мәртебесінің өзгеруі, басшының өзгеруі, редакциялық өзгерістер, ерікті таратуға тыйым салу, мәжбүрлеп таратуға тыйым салу, қайта ұйымдастыруға тыйым салу.

«Квзимемлекеттік сектор субъектілерін және мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы №894 қаулысымен Ұлттық басқарушы холдингтердің еншілес, тәуелді ұйымдарының, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес болып табылатын, бәсекелестік ортаға беруге және таратуға ұсынылатын өзге де заңды тұлғалардың тізбесі бекітілді, оған сәйкес «Балқаш ЖЭС» 2026 жылы таратуға ұсынылды.

Бұдан басқа, «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі - Қор) берген «Жоғары аудиторлық палата» ММ-нің ұйғарымы мен аудиторлық қорытындысына сәйкес Қорға БЖЭС-ті тарату (не меншік иелері құрамынан шығу) ұсынылды.

Осыған байланысты, 2025 жылғы 9 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ атына 2023-2032 жылдарға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрылымынан шығаруға жататын стратегиялық емес активтердің тізбесін қалыптастыру қажеттілігі туралы Қордан хат келіп түсті, оларды Қор тобынан шығару жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатын барлық активтерді ескере отырып, Қордың тобына кіретін ұйымдардың стратегиялық емес активтерді (дивестицияларды) шығару жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес шығару жоспарланады, оның ішінде Қордың даму жоспарының (бұдан әрі – Тізбе) қолданылу кезеңінде шығару аяқталды.

Осылайша, БЖЭС-ті жою туралы ұсынысты, мүлікке тыйым салуды және жоғарыда аталған тыйымдарды ескере отырып, 2025 жылғы 31 желтоқсанға Топтың БЖЭС қызметін бақылауы жоқ.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Объектілерді пайдалану салдарын жоюға арналған резервтер

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін объектілердің операторлары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес осындай объектілерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз етуге міндетті. Экологиялық кодекстің ережелеріне сәйкес жою жөніндегі іс-шаралар объектілердің сипатына және олардың қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне байланысты, атап айтқанда, кодексте объектілерді қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін көрсететін санаттар бойынша жіктеу реттеледі.

Резервтер Топтың жоюдың (бөлшектеудің), топырақ құнарлығын қалпы келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізудің ағымдағы нормалары мен әдістеріне, технологиялар мен бағалар деңгейіне сәйкес техникалық-экономикалық негіздемемен және(немесе) инженерлік зерттеулермен нығайтылған Қазақстан Республикасының экология саласындағы қолданыстағы заңнамасының түсіндірмесі негізінде айқындалған.

2025 жылғы 31 желтоқсанға және 2024 жылғы 31 желтоқсанға объектілерді пайдалану салдарын жоюға арналған міндеттеменің сомасын айқындау кезінде Топ мынадай пайымдауларды қолданды:

- Объектілерді пайдалану салдарын түзету бойынша міндеттемелердің есептелуін Топ тәуелсіз немесе ішкі мамандар жасаған бағалау нәтижелерінің негізінде орындады. Заңнамада көзделген және есепке енгізілген жұмыс көлемі электр және жылу энергиясын өндіруге тікелей қатысатын негізгі жабдықтар мен механизмдерді (бу қазандықтары, турбиналар, генераторлар, отын беру және т. б.), жану өнімдерін бұруға арналған инженерлік жүйелер мен құрылыстарды, сондай-ақ мазут шаруашылығы мен қоршаған ортаға және адамдардың өмірі мен (немесе) денсаулығының қауіпсіздігіне теріс әсер ететін химиялық реагенттер қоймасының жабдықтарын бөлшектеу мен кәдеге жаратуды қамтыды;
- Топ бойынша операторлар объектілерінің құрамында активтер (әкімшілік ғимараттар және өзге де құрылысжайлар) болады, олар кейіннен ықтималдығы жоғары дәрежеде қайта бейінделуі мүмкін, сондай-ақ оларды пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді танудың қажеттілігі жоқ қоршаған ортаға ең аз теріс әсер етеді;
- I-ші санаттағы объектілерге жататын жылу электр станциялары бойынша резервтердің мөлшері электр және жылу энергиясын өндіруге тікелей қатысатын негізгі жабдықтар мен механизмдерді (бу қазандықтары, турбиналар, генераторлар, отын беру және т. б.), жану өнімдерін бұруға арналған инженерлік жүйелер мен құрылысжайларды, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсер ететін мазут шаруашылығы жабдықтары мен химиялық реагенттер қоймасын жою кезінде объектілер көтеретін күтілетін шығыстар негізге алына отырып айқындалады;
- Топ басшылығы қоршаған ортаға теріс әсер ететін Екібастұз 1-МАЭС және Екібастұз 2-МАЭС I санаттағы объектілерді жою мерзімдері активтердің қызмет ету мерзімдеріне сүйене отырып, 2055 және 2053 жылдары басталады деген пайымдауды қолданды. Бұл қызмет ету мерзімдері негізгі және қосалқы жабдықтар мен негізгі жабдықтардың инженерлік құрылысжайларының парк ресурсы қолданыстағы күл үйінділерін толтыру аяқталған сәтке дейін күрделі жөндеу немесе реконструкциялау арқылы сақталатындығымен және ұзартылатындығымен негізделген. Күл үйінділерін жабу мерзімдері ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 10 шілдедегі №591 қаулысымен бекітілген «Қалдықтарды орналастыру полигондарының тарату қорларын қалыптастыру қағидаларына» сәйкес күл үйінділерін жабудың бекітілген жұмыс жобаларына сәйкес қолданылды. Көмір қорлары осы станциялардың жұмысын жалғастыру үшін жеткілікті. Бұл мерзімдер Қазақстан Республикасында электр энергиясының болжамды тапшылығы жағдайында елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады;
- «Алматы электр станциялары» АҚ бойынша ЖЭО-2 және ЖЭО-3 объектілерін жою мерзімдері «Алматы ЖЭО-2 Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» және «Алматы ЖЭО-3 қайта жанарту» жобаларын іске асыру, енгізу мерзімдерін және техникалық параметрлерін ескере отырып қолданылды;

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Орындалған жұмыстардың мәртебесі (жалғасы)

Объектілерді пайдалану салдарын жоюға арналған резервтер (жалғасы)

- Топтың гидроэлектростанциялары II санаттағы объектілерге жатады. Шардара гидроэлектростанциясы, Сырдария өзеніндегі Шардара гидроторабының гидротехникалық кешенінің ажырамас элементі болып табылатын, су тасқыны мен суаруға қарсы күрес бойынша тікелей мақсаты бар стратегиялық кешенді құрылыс ретінде, қызметтің ерекшелігіне байланысты платиналарды/бөгеттерді және іргелес гидрокұрылыстарды жоймайды; сонымен бірге станция басшылығының пікірінше, Топтың жою жұмыстары гидроагрегаттардың және кейбір жерүсті шаруашылық құрылысжайларының жабдықтарын бөлшектеу жұмыстарымен шектелуі мүмкін және оларды жабуға арналған резерв есепті күнге елеулі болып табылмайды;
- Мойнақ гидроэлектростанциясы бойынша, заңнамаға сәйкес, Топ басшылығы негізгі гидротехникалық құрылысжайлардың I және II класты құрылысжайлары ретінде қызмет ету мерзімі уақтылы жүргізілген күрделі жөндеу жағдайында 60 жылды құрайды деген пайымдауды қолданды. «Қауіпті өндірістік объектілердегі техникалық құрылғыларды, жабдықтар мен құрылысжайларды қауіпсіз пайдалану мерзімін ұзарту тәртібі туралы әдістемелік ұсынымдар» нормаларына сәйкес гидроэлектростанцияның, туынды туннельдің және бөгеттің негізгі ғимаратын пайдалану мерзімдері өткеннен кейін бұл құрылысжайларды Шарын өзеніндегі су тасқыны кезеңінде гидрологиялық бекет және селді ұстаушы ретінде одан әрі пайдалану көзделеді. Сонымен қатар, станция басшылығының пікірінше жою жұмыстары гидроагрегаттар мен кейбір жерүсті шаруашылық құрылысжайларының жабдықтарын бөлшектеу жұмыстарымен шектелуі мүмкін және оларды жабуға арналған резерв есепті күнге елеулі болып табылмайды;
- III және IV санаттағы АЖК объектілері. АЖК өндірістік объектілері қоршаған ортаға елеусіз ең аз теріс әсер ететіндіктен, Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қызметтің салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді есептемеді, өйткені қазіргі уақытта активтердің осы түрлері үшін есептеудің негізделген әдісі жоқ және Топ мемлекеттік органдардан қоршаған ортаға салдарларды жою жөніндегі міндеттемелердің жоқтығы туралы растау алды;
- Жел және күн электр станциялары генерациялайтын және технологиялық жабдықтарды бөлшектеу және жою жөніндегі резервтерді таниды, бұл ретте жою мерзімдері жабдықтар мен құрылысжайлардың техникалық паспорттарымен айқындалады.

Мұндай бағалауды жүргізу кезіндегі негізгі жорамалдарға дисконт мөлшерлемесін және келешек ақша ағындарының сомалары мен мерзімдерін бағалау кіреді. Дисконт мөлшерлемесі өтеу мерзімдері объектілерді жою мерзімдерімен сай келетін мемлекеттік облигациялардың кірістілігі ретінде айқындалған тәуекелсіз мөлшерлемеге негізделеді. Дисконттау мөлшерлемесі уақыт құнын және қажет болған жағдайда міндеттемеге тән тәуекелдерді, егер олар ақша ағындарына енгізілмесе, көрсетеді. Ағымдағы құн жылдық 13,79-15,72% дисконттау мөлшерлемесін (2024 жыл: 7,1-13,3 %) және 4,8-11,65% инфляция мөлшерлемесін (2024 жыл: 3,07-8,69%) пайдалана отырып есептелді.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Орындалған жұмыстардың мәртебесі (жалғасы)

Объектілерді пайдалану салдарын жоюға арналған резервтер (жалғасы)

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша объектілерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер бойынша резервтер инфляция мөлшерлемелерін және есепті күнге дисконттау мөлшерлемелерін қайта қарау негізінде объектілерді жою жөніндегі шығыстардың құнын өзектендіру ескеріле отырып қайта есептелді.

Төменде кестеде 31 желтоқсанға Топтың еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары бөлігінде объектілерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету бойынша резервтің баланстық құны келтірілген:

Мың қазақстандық теңгемен	Жою мерзімі	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Еншілес ұйымдар			
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	2055 ж.	9.576.313	8.522.546
«Алматы электр станциялары» АҚ	2026 -2065 жж.	23.811.873	14.096.301
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	2035 ж.	1.325.765	1.212.933
«Samruk-Green Energy» ЖШС	2042 -2051 жж.	198.797	205.432
«Мойнақ ГЭС» АҚ	2082 ж.	36.481	32.008
«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС	2125 ж.	27.225	–
«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС	2125 ж.	19.854	–
Еншілес ұйымдар бойынша жиыны		34.996.308	24.069.220

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар

«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	2053 ж.	2.104.178	5.408.194
---------------------------------	---------	-----------	-----------

Объектілерді пайдалану салдарын жою резервіндегі өзгеріс негізгі құралдардың құны арқылы көрсетілді (17-ескертпе).

Сезімталдылықты талдау

Мың қазақстандық теңгемен	Маңызды жорамалдарды (азайту)арттыру	Объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттеменің (азаюы) / өсуі
Инфляция мөлшерлемесі	-1%	(2.655.676)
	+1%	3.513.582
Дисконттау мөлшерлемелері (салықтарға дейін)	-1%	2.950.267
	+1%	(2.267.654)
Жою мерзімі	-10%	4.419.004
	+10%	(3.161.836)

Объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша нақты шығындар тиісті заңнаманың, нормаларды түсіндірудің, технологиялардың, бағалар мен басқа да талаптардың өзгеруі салдарынан олардың бағалануынан ерекшеленуі мүмкін болғандықтан және бұл шығындар таяу арада болатындықтан, резервтің баланстық құны мұндай өзгерістерді есепке алу үшін тұрақты сараланып, түзетіліп отырады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын Бірыңғай сатып алушымен кері сатып алу шарттарын есепке алу

2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, «Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС (бұдан әрі – «ЕАҚО») және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын (бұдан әрі – «ЭТН») нақты уақыт режимінде енгізе отырып, электр энергиясын өткізу нарығының жаңа моделіне көшу жүзеге асырылды. Топ «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ҚЕХС-ке сәйкес түсімді тану процесіне өзгерістердің әсерін бағалау бойынша талдау жүргізді.

Нәтижесінде, Топ өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі мақсатында энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын сату шарттары және ЕАҚО-мен Топтың тарату және өткізу компанияларының электр энергиясын сатып алу шарттары 15 ҚЕХС-ке сәйкес кері сатып алу шарттары болып табылатынын анықтады. Тиісінше, кері сатып алу шарттары электр энергиясын сатуды және энергия өндіруші ұйымның электр энергиясының түсімін Топ деңгейінде тануды талап етеді.

Элиминациялау сомасын есептеу үшін Топ ЕАҚО-дан «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ мен «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясын сатып алуының нақты көлемін және Топтың энергия жүйесі үшін белгіленген қолданыстағы тарифтеріне сәйкес электр энергиясын сатудың орташа өлшенген бағасын пайдаланды. Есеп айырысу ай сайынғы негізде жасалады.

2025 жылғы элиминация сомасы 118.305.062 мың теңге (2024: 93.778.408 мың теңге) болды. Бұл жазбалар Топтың түсімі мен өзіндік құнын біртұтас экономикалық бірлік ретінде көрсету мақсатында көрсетілген және Топтың қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді.

Жоғарыда көрсетілгендерді қоспағанда, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген электр энергиясын сату нарығының жаңа моделі, Топ пікірінше, түсімді тануға айтарлықтай әсер еткен жоқ.

Егер сатудың есептелген орташа өлшенген бағасы басшылықтың бағалауларынан 10%-ға ерекшеленетін болса, 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы элиминация сомасы, сатылған өнімдердің түсімі мен өзіндік құны 11.830.506 мың теңгеге (2024 жыл: 9.377.841 мың теңге) ұлғайтылуы/кемуі тиіс еді.

Әкімдік алдындағы берешек

2009 жылы Топтың еншілес компаниясы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «АЖК») Алматы қаласының Әкімдігімен (бұдан әрі - «Әкімдік») АЖК-нің Әкімдік алдындағы берешегін өтеу туралы сот процесіне қатысты. 2014 жылғы 14 ақпанда Әкімдік пен АЖК АЖК-нің Әкімдік алдындағы берешегін реттеу тәртібі туралы бітімгершілік келісімге қол қойды. Бұл ретте, АЖК өзінің берешегін өтеу есебінен, басқалармен қатар, коммуналдық меншіктегі және Әкімдіктің сенімгерлік басқаруындағы электр желілерін меншікке қабылдауға міндеттенеді. Бітімгершілік келісім шеңберінде өткен жылдар ішінде жүргізілген барлық төлемдерді шегергенде, Әкімдік алдындағы АЖК міндеттемелерінің сомасы 2025 жылғы 31 желтоқсанға 5.841.514 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 5.841.514 мың теңге) (19-ескертпе).

2025 жылғы 31 желтоқсанға электр желілерін меншікке алу аяқталған жоқ. Топ бұл міндеттемені төлемдерден босатылған кезде, яғни бітімгершілік келісім тараптары барлық іс-әрекеттерді орындаған сәтте, атап айтқанда Әкімдіктен электр желілерін меншікке қабылдау сәтінде тануды тоқтатады. Бұл ретте Топ 5.841.514 мың теңге мөлшерінде міндеттемені есептен шығарудан болған пайданы мойындады.

Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау

Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау - бағалау әдістемесін, модельдерін және бастапқы деректерін пайдаланатын маңызды бағалау. Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау әдістемесінің егжей-тегжейлері 29-ескертпеде ашылған. Келесі компоненттер кредиттік зияндар бойынша бағалау резервіне айтарлықтай әсер етеді: дефолтты анықтау, кредиттік тәуекелдің едәуір артуы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт жағдайында шығын мөлшері және макроэкономикалық сценарий модельдері. Топ есептелген күтілетін кредиттік зияндар мен дебиторлық берешекке қатысты нақты шығындар арасындағы алшақтықты азайту мақсатында модельдер мен модельдердің бастапқы деректерін үнемі тексеріп, растайды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Орындалған жұмыстардың мәртебесі (жалғасы)

«Екібастұз ЖЭО» ЖШС-нің мүлкін сенімгерлік басқару шарты

2024 жылғы 17 маусымда Топтың еншілес ұйымы «Energy Solutions Center» ЖШС мен «Екібастұз қаласы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» ММ арасында үш жыл мерзімге мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды. Осы шартқа сәйкес Екібастұз ЖЭО мүлкі (ғимараттар мен құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар) «Energy Solutions Center» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілді. Сенімгерлік басқару шартының талаптары берілген активті пайдаланғаны үшін төлемдерді көздемейді. Өз кезегінде «Energy Solutions Center» ЖШС өз қаражаты есебінен қажетті ағымдағы және күрделі жөндеулер жүргізуді қоса алғанда, халықты үздіксіз жылумен қамтамасыз ететін мүлікті тиімді басқаруды жүзеге асыруға, мүлікті тиісті жағдайда ұстауға міндеттенеді. Тиісінше, Топ осы шарт бойынша пайдалану құқығы түріндегі активті мойындамады. «Energy Solutions Center» ЖШС мүлікті басқара отырып, табиғи монополия субъектісі мәртебесіне ие болды және қазіргі уақытта жылу энергиясын өндіруді, сатуды жүзеге асырады.

Акционерге басқа да бөлу

Топ өзінің түпкі акционерінің тапсырмасы бойынша Екібастұз ЖЭО-да күрделі жөндеу жөніндегі міндеттемелерді акционерге өзге де бөлулер ретінде капиталда ескереді *(16-ескертпе)*.

5. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Операциялық сегменттер - бұл шаруашылық қызметті жүзеге асыратын компоненттер, бұл ретте олар түсімді генерациялауы мүмкін немесе шығыстармен байланысты болуы мүмкін, сегменттердің операциялық нәтижелерін оперативті басқарудың жоғарғы органы үнемі талдайды және операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат бар. Оперативті басқарудың жоғарғы органын ресурстарды бөлетін және компания қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе адамдар тобы ұсына алады. Оперативті басқарудың жоғарғы органының функцияларын Топ Басқармасы атқарады.

Оперативті басқарудың жоғарғы органы талдайтын сегменттік қаржылық ақпарат салық салуға дейінгі түсім мен пайда туралы ақпаратты қамтиды. Оперативті басқарудың жоғарғы органы сонымен қатар қаржылық кірістер мен шығыстарға, табыс салығы бойынша шығыстарға, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясына, негізгі құралдар мен инвестициялық меншіктің құнсыздануына, гудвиллдің құнсыздануына және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(залалындағы) үлестерге дейінгі кезеңдегі пайда/(залал) ретінде және басқа да осындай әсерлер ретінде есептелетін Топтың EBITDA туралы ақпаратты талдайды. Топ бойынша пайыздарды, салықтарды және амортизациялық аударымдарды (EBITDA) шегеруге дейінгі пайданы анықтау реттілігі басқа компаниялар қолданатын реттіліктен өзгеше болуы мүмкін.

(a) Әрбір есепті сегмент сатудан түскен түсімді алатын өнімдер мен қызметтердің сипаттамасы

Топ өз қызметін үш негізгі операциялық сегмент шеңберінде жүзеге асырады:

- Жылу және электр энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын беру және тарату;
- Электр энергиясын өткізу.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ (жалғасы)

(b) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері

Оперативті басқарудың жоғарғы органы әрбір сегмент қызметінің нәтижелерін салық салуға дейінгі түсім мен пайданы бағалау негізінде бағалайды.

Мың қазақстандық теңгемен	Электр энергиясын өндіру және тарату				Электр энергиясын өткізу		Басқалары		Жиыны	
	Жылу-электр энергиясын өндіру		Электр энергиясын беру және тарату		Электр энергиясын өткізу		Басқалары		Жиыны	
	аяқталған он екі айда	2024 жылғы	аяқталған он екі айда	2024 жылғы	аяқталған он екі айда	2024 жылғы	аяқталған он екі айда	2024 жылғы	аяқталған он екі айда	2024 жылғы
	2025 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан
Сегменттің жалпы түсімі - Электр энергиясын өткізу	348.323.189	295.998.555	—	—	307.165.548	247.127.180	—	—	655.488.737	543.125.735
Сегмент ішіндегі түсім	(119.170.653)	(93.778.408)	—	—	(2.276)	(3.428)	—	—	(119.172.929)	(93.781.836)
Сыртқы түсім - Электр энергиясын өткізу	229.152.536	202.220.147	—	—	307.163.272	247.123.752	—	—	536.315.808	449.343.899
Жылу энергиясын өткізу	40.420.744	33.992.515	—	—	—	—	—	—	40.420.744	33.992.515
Электр қуатының өзіндік қолдау қызметінен түскен кіріс	67.028.108	58.076.148	—	—	—	—	—	—	67.028.108	58.076.148
Жаңартылатын энергия көздерін жалдаудан түскен кіріс	8.217.856	6.982.393	—	—	—	—	—	—	8.217.856	6.982.393
Сегменттің жалпы түсімі - Электр энергиясын беру	—	—	129.013.949	93.846.945	—	—	—	—	129.013.949	93.846.945
Сегмент ішіндегі түсім	—	—	(126.753.468)	(87.872.205)	—	—	—	—	(126.753.468)	(87.872.205)
Сыртқы түсім - Электр энергиясын беру	—	—	2.260.481	5.974.740	—	—	—	—	2.260.481	5.974.740
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалдаудан түскен кіріс	—	—	—	—	—	—	93.692.772	16.520.037	93.692.772	16.520.037
Химия араласқан суды сату	4.255.667	2.079.711	—	—	—	—	—	—	4.255.667	2.079.711
Сегменттің жалпы түсімі - Басқа да түсім	701.572	590.669	—	—	—	—	2.642.729	1.964.731	3.344.301	2.555.400
Сегмент ішіндегі түсім	(83.469)	(50.464)	—	—	—	—	(2.608.983)	(1.984.538)	(2.692.452)	(2.035.002)
Сыртқы түсім - Басқа да түсім	618.103	540.205	—	—	—	—	33.746	(19.807)	651.849	520.398
Жалпы түсім жиыны	468.947.136	397.719.991	129.013.949	93.846.945	307.165.548	247.127.180	96.335.501	18.484.768	1.001.462.134	757.178.884
Сегмент ішіндегі түсім жиыны	(119.254.122)	(93.828.872)	(126.753.468)	(87.872.205)	(2.276)	(3.428)	(2.608.983)	(1.984.538)	(248.618.849)	(183.689.043)

(c) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері

Оперативті басқарудың жоғарғы органы әрбір сегмент қызметінің нәтижелерін салық салуға дейінгі түсім мен пайданы бағалау негізінде бағалайды.

Мың қазақстандық теңгемен	Жылу-электр энергиясын өндіру және тарату				Электр энергиясын өткізу		Басқалары		Жиыны	
	Жылу-электр энергиясын өндіру		Электр энергиясын беру және тарату		Электр энергиясын өткізу		Басқалары		Жиыны	
	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Сегменттің жалпы түсімі - Электр энергиясын өткізу	348.323.189	295.998.555	—	—	307.165.548	247.127.180	—	—	655.488.737	543.125.735
Сегмент ішіндегі түсім	(119.170.653)	(93.778.408)	—	—	(2.276)	(3.428)	—	—	(119.172.929)	(93.781.836)
Сыртқы түсім - Электр энергиясын өткізу	229.152.536	202.220.147	—	—	307.163.272	247.123.752	—	—	536.315.808	449.343.899
Жылу энергиясын өткізу	40.420.744	33.992.515	—	—	—	—	—	—	40.420.744	33.992.515
Электр қуатының өзіндік қолдау қызметінен түскен кіріс	67.028.108	58.076.148	—	—	—	—	—	—	67.028.108	58.076.148
Жаңартылатын энергия көздерін жалдаудан түскен кіріс	8.217.856	6.982.393	—	—	—	—	—	—	8.217.856	6.982.393
Сегменттің жалпы түсімі - Электр энергиясын беру	—	—	129.013.949	93.846.945	—	—	—	—	129.013.949	93.846.945
Сегмент ішіндегі түсім	—	—	(126.753.468)	(87.872.205)	—	—	—	—	(126.753.468)	(87.872.205)
Сыртқы түсім - Электр энергиясын беру	—	—	2.260.481	5.974.740	—	—	—	—	2.260.481	5.974.740
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалдаудан түскен кіріс	—	—	—	—	—	—	93.692.772	16.520.037	93.692.772	16.520.037
Химия араласқан суды сату	4.255.667	2.079.711	—	—	—	—	—	—	4.255.667	2.079.711
Сегменттің жалпы түсімі - Басқа да түсім	701.572	590.669	—	—	—	—	2.642.729	1.964.731	3.344.301	2.555.400
Сегмент ішіндегі түсім	(83.469)	(50.464)	—	—	—	—	(2.608.983)	(1.984.538)	(2.692.452)	(2.035.002)
Сыртқы түсім - Басқа да түсім	618.103	540.205	—	—	—	—	33.746	(19.807)	651.849	520.398
Жалпы түсім жиыны	468.947.136	397.719.991	129.013.949	93.846.945	307.165.548	247.127.180	96.335.501	18.484.768	1.001.462.134	757.178.884
Сегмент ішіндегі түсім жиыны	(119.254.122)	(93.828.872)	(126.753.468)	(87.872.205)	(2.276)	(3.428)	(2.608.983)	(1.984.538)	(248.618.849)	(183.689.043)

(d) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері

(e) түзетілген EBITDA-ны салық салуға дейінгі пайдаға салыстыру

Мың қазақстандық теңгемен	Жылу-электр энергиясын өндіру		Электр энергиясын беру және тарату		Электр энергиясын өткізу		Басқалары		Элиминациялар мен түзетулер		Жиыны	
	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Шоғырландырылған түзетілген EBITDA жиыны	181.073.412	184.883.349	44.876.432	35.086.173	(3.791.656)	4.103.317	234.653.042	59.094.977	(151.566.046)	(48.935.044)	305.245.184	234.232.772
Тозу және амортизация	(66.737.829)	(48.507.841)	(11.743.066)	(9.777.585)	(95.426)	(233.136)	(875.553)	(642.451)	—	—	(79.451.874)	(59.161.013)
Қаржылық кірістер	2.679.260	3.270.310	159.098	1.258.840	544.991	550.446	33.829.141	16.327.443	(16.461.504)	(11.817.981)	20.750.986	9.589.058
Қаржылық шығыстар	(19.222.198)	(16.208.905)	(1.521.007)	(1.246.542)	(1.233.673)	(1.294.152)	(27.065.383)	(22.405.971)	13.673.390	9.833.245	(35.368.871)	(31.322.325)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(құнсыздануы) (9, 27-ескертпелер)	181.071	—	—	—	—	—	(24.172.427)	—	8.458.183	41.326	(15.533.173)	41.326
Бірлескен кәсіпорындар мен қуламдасқан компаниялардың												

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ (жалғасы)

(с) Ірі клиенттер

Жоғарыдағы кестелердегі элиминациялар мен түзетулер негізінен сегментішілік операциялардың элиминацияларымен, сондай-ақ кері сатып алу шарттары бойынша операциялардың есептік элиминацияларымен білдірілген (4-ескертіңіз).

Өнімдер мен қызметтер бөлігінде Топтың түсімін талдау 21-ескертіңізде келтірілген (негізгі қызметтен түскен түсім). Сатудың негізгі бөлігі Қазақстанда жүзеге асырылады.

Географиялық нарық

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Мың қазақстандық теңгемен		
Қазақстан	752.842.393	573.489.038
Басқа да елдер	892	803
Түсім жиыны	752.843.285	573.489.841

2025 жылдың он екі айындағы жылу-электр энергиясын өндіру сегментінің түсімі бір сатып алушыдан 335.960.443 мың теңге сомасында алынған түсімді қамтиды (2024 жыл: 318.781.795 мың теңге).

2025 жылдың он екі айындағы электр энергиясын беру және бөлу сегментінің түсімі бір сатып алушыдан 1.349.727 мың теңге сомасында алынған түсімді қамтиды (2024 жыл: 1.695.963 мың теңге).

2025 жылдың он екі айындағы басқа сегменттердің түсімі бір сатып алушыдан 93.692.772 мың теңге сомасында алынған түсімді қамтиды (2024 жыл: 16.520.037 мың теңге).

2025 жыл ішінде Самұрық-Қазынаның жалпы бақылауындағы компанияларға сегментке жататын түсімнің жалпы сомасының 9%-ы сатылды - Электр энергиясын беру және бөлу (2024 жыл: 3%) (5-ескертіңіз).

2025 жыл ішінде мемлекеттік кәсіпорындар Жылу-электр энергиясын өндіру (2024 жыл: 68%) сегментіне және 60% электр энергиясын беру және бөлу (2024 жыл: 42%) сегментіне қатысты жалпы түсім сомасының 55%-ын өткізді (5-ескертіңіз).

2025 және 2024 жылдар ішінде Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары сегментке жататын түсімнің жалпы сомасының 99,96%-ы өткізілді (5-ескертіңіз).

Топ түсімі 15 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес міндеттемелердің орындалуына қарай кезең ішінде ескеріледі.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

6. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРПЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптардың анықтамасы «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 ҚЕХС-те (IAS) көрсетілген. Егер тараптардың бірінің басқасын бақылау мүмкіндігі болса, жалпы бақылау астында болса немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдауы кезінде айтарлықтай ықпал ете алса немесе бірлескен бақылау жасай алса, байланысты тарап болып саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының сипаты да ескеріледі. Бас компания және Компанияның түпкі бақылаушы жағы 1-ескертіңізде көрсетілген.

Байланысты тараптарға Самұрық-Қазына бақылауындағы компаниялар кіреді. Мемлекеттік компаниялармен операциялар, егер олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті қолданылатын талаптарға сәйкес әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, ашылмайды i) олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) егер Топтың қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты талаптарда көрсетілсе немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т. б. сияқты қызметтерді жеткізушіні таңдау болмаған жағдайда. Төменде 2025 жылғы 31 маусымға байланысты тараптармен операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар келтірілген:

	Самұрық- Қазынаның жалпы бақылауын дағы компанияла р	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдасқа н компанияла ры	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдасқа н компанияла ры	Акционерле р	Мемлекеттік кәсіпорынд армен операцияла р
Мың қазақстандық теңгемен					
Негізі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа да дебиторлық берешек	348.895	11.048	8.254.851	–	69.175.179
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2.800	–	–	–	26.648
Басқа да айналымдағы активтер	1.192.504	24.369	–	–	46.133.011
Алынған қарыздар	4.338.225	15.150.750	2.256	119.103.176	4.110.068
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	27.550	–	–	–	–
Негізі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек	6.044.513	6.906.600	1.856	15.305	27.226.861
Басқа да міндеттемелер	–	201	–	–	–

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

6. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР МЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптармен болған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

	Самұрық- Қазынаның жалпы бақылауынд ағы компанияла р	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорында ры мен қауымдасқа н компанияла ры	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорында ры мен қауымдасқа н компанияла ры	Акциянерле р	Мемлекеттік кәсіпорында рмен операцияла р
Мың қазақстандық теңгемен					
Негізі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа да дебиторлық берешек	234.253	20.975	2.672.642	–	42.003.545
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2.092.062	–	–	–	486
Басқа да айналымдағы активтер	958.036	15.355	–	–	1.973.081
Қаржы активтері	–	–	–	17.803.646	–
Алынған қарыздар	–	15.613.063	2.632	120.043.610	10.635.485
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	8.773	–	–	–	–
Негізі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек	6.571.443	4.622.482	1.857	20.270	16.357.672
Басқа да міндеттемелер	–	15	800	–	5.841.513

Төменде 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	Самұрық- Қазынаның жалпы бақылауынд ағы компанияла р	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорында ры мен қауымдасқа н компанияла ры	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорында ры мен қауымдасқа н компанияла ры	Акциянерле р	Мемлекеттік кәсіпорында рмен операцияла р
Мың қазақстандық теңгемен					
Түсім	3.028.566	43.590	93.942.935	–	313.601.736
Өзіндік құн	(67.305.884)	(78.295.329)	(279.883)	–	(83.736.168)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(679.594)	–	–	–	–
Сату бойынша шығыстар	(10.790.083)	–	–	–	–
Басқа да шығыстар	(2.164)	–	–	(883)	(643.137)
Басқа да кірістер	1.204	38.967.428	390.409	4.515	–
Қаржылық кірістер	47.741	–	–	2.416.688	2.692.018
Қаржылық шығыстар	(193.729)	(1.664.788)	–	(15.530.012)	(425.149)

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

6. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР МЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде 2024 жылы аяқталған он екі ай үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	Самұрық- Қазынаның жалпы бақылауынд ағы компанияла р	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдасқа н компанияла ры	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдасқа н компанияла ры	Акциянерле р	Мемлекеттік кәсіпорынд армен операцияла р
Мың қазақстандық теңгемен					
Түсім	3.438.251	19.813	16.756.103	–	276.525.914
Өзіндік құн	(54.909.927)	(53.580.907)	(572.959)	–	(64.481.971)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(770.417)	–	–	–	–
Сату бойынша шығыстар	(8.613.601)	–	–	–	–
Басқа да шығыстар	(1.632)	–	–	(3.632)	(2.272.521)
Басқа да кірістер	4.908	80	2.901.874	–	–
Қаржылық кірістер	164.358	–	–	807.278	948.796
Қаржылық шығыстар	(76.898)	(2.060.614)	–	(10.890.932)	(1.264.340)

Төменде негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы көрсетілген:

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 ай	
Мың қазақстандық теңгемен	2025 ж.	2024 ж.
Негізгі басқарушы персонал	658.430	337.311
Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің мүшелері	49.873	47.281
Негізгі басқарушы персоналға сыйақының жиыны	708.303	384.591

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы жұмыскерлердің жалақысын, сыйлықақыларын және басқа да қысқа мерзімді сыйақыларын және тәуелсіз директорларға – Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны білдіреді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персонал 7 адамнан тұрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 7 адам). Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің мүшелері 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4 адам (2024 жылғы 31 желтоқсан: 4 адам).

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Төменде негізгі құралдардың баланстық құнындағы өзгерістер көрсетілген:

	Ғимараттар мен құрылысжайлар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Мың қазақстандық теңгемен					
2024 жылғы 1 қаңтарға бастапқы құны	289.835.375	804.939.043	23.216.450	249.034.101	1.367.024.969
Жинақталған тозу және құнсыздану	(125.641.209)	(412.007.658)	(10.322.856)	(11.747.846)	(559.719.569)
2024 жылғы 1 қаңтарға баланстық құны	164.194.166	392.931.385	12.893.594	237.286.255	807.305.400
Түсімдер	159.224	3.549.117	1.930.508	186.548.118	192.186.967
Есепті бағалаудағы өзгеріс (17-ескертпе)	135.483	1.084.133	–	–	1.219.616
Ауыстырулар	16.440.730	218.779.337	3.190.514	(238.410.581)	–
Шығулар	(222.206)	(1.121.248)	(359.410)	(29.935)	(1.732.799)
Тозу	(14.213.264)	(41.738.382)	(1.720.943)	–	(57.672.589)
Есептен шығарулар бойынша тозу	105.425	1.027.574	296.935	–	1.429.934
Құнсыздануды қалпына келтіру	39.130	3.689	355	(12.694)	30.480
2024 жылғы 31 желтоқсанға бастапқы құны	306.348.606	1.027.230.382	27.978.062	197.141.703	1.558.698.753
Жинақталған тозу және құнсыздану	(139.709.918)	(452.714.777)	(11.746.509)	(11.760.540)	(615.931.744)
2024 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн	166.638.688	574.515.605	16.231.553	185.381.163	942.767.009

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

	Ғимараттар мен құрылысжайлар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Мың қазақстандық теңгемен					
2025 жылғы 1 қаңтарға бастапқы құны	306.348.606	1.027.230.382	27.978.062	197.141.703	1.558.698.753
Жинақталған тозу және құнсыздану	(139.709.918)	(452.714.777)	(11.746.509)	(11.760.540)	(615.931.744)
2025 жылғы 1 қаңтарға баланстық құны	166.638.688	574.515.605	16.231.553	185.381.163	942.767.009
Түсімдер	742.498	8.642.182	3.504.114	398.871.391	411.760.185
Есепті бағалаудағы өзгеріс (17-ескертпе)	5.209.261	3.583.953	–	29.995	8.823.209
Ауыстырулар	6.843.041	71.466.318	3.505.082	(81.814.441)	–
Шығулар	(387.315)	(156.809)	(778.368)	(565.935)	(1.888.427)
Тозу	(17.295.085)	(58.226.331)	(2.445.126)	–	(77.966.542)
Есептен шығарулар бойынша тозу	345.259	54	708.532	–	1.053.845
2025 жылғы 31 желтоқсанға бастапқы құны	318.756.091	1.110.766.026	34.208.890	513.678.706	1.977.409.713
Жинақталған тозу және құнсыздану	(156.659.744)	(510.941.054)	(13.483.103)	(11.776.533)	(692.860.434)
«Өскемен ГЭС» АҚ «Samruk-Green Energy» ЖШС «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	Жаңартылатын электр энергиясын дамыту	100%	100%	Қазақстан
«Казгидротехэнерго» ЖШС	Жел электр станциясында электр энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
	Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру	100%	100%	Қазақстан
«Теплоэнергомаш» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру	95%	95%	Қазақстан
	Екібастұз қаласында жылу энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Energy Solutions Center» ЖШС «Energy Solutions Center» ЖШС-нің филиалы «Балқаш ЖЭС» АҚ	Тасымалдау және басқа да қызметтер	100%	100%	Қазақстан
	Балқаш ЖЭС-ін салу	100%	100%	Қазақстан
«Ereymenau Wind Power» ЖШС Qazaq Green Power PLC	Жел электр станциясында электр энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
	Жасыл энергетика өндірісі	100%	100%	Қазақстан
«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС	Шығыс Қазақстандағы гидроэлектростанцияда электр энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
	Шығыс Қазақстандағы гидроэлектростанцияда электр энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
Қауымдасқан кәсіпорындар				
«Энергия Семиречья» ЖШС Altyn Dala Energy Ltd. жеке компаниясы	Алматы маңындағы жел электр станциясында электр энергиясын өндіру	25%	25%	Қазақстан
	Жел электр станциясында электр энергиясын өндіру	25%	25%	Қазақстан
«Sauran Solar Power» ЖШС	Күн электр станцияларымен электр энергиясын өндіру	30%	30%	Қазақстан
Kyzylorda Energy Ltd	Жылу электр станцияларымен электр энергиясын өндіру	30%	30%	Қазақстан
Бірлескен кәсіпорындар:				
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	Көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру	50%	50%	Қазақстан
Forum Muider Limited	Forum Muider Limited «Богатырь Көмір» ЖШС жарғылық капиталының 100% үлесіне ие (Компания энергетикалық көмір өндірумен айналысады)	35%	35%	Қазақстан
	Көкшетау қаласында көмір жылу электр орталығын салу жөніндегі жобаны іске асыру.	50%	50%	Қазақстан
«Көкшетау ЖЭО» ЖШС				

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

	Өскемен қаласында көмір жылу электр орталығын салу жөніндегі жобаны іске асыру	50%	50%	Қазақстан
«Өскемен-Энерго» ЖШС	Семей қаласында көмір жылу электр орталығын салу жөніндегі жобаны іске асыру	50%	50%	Қазақстан
«Семей-Энерго» ЖШС				

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Қаржылық тәуекел факторлары

Топтың қызметі оны бірқатар қаржы тәуекелдеріне ұшыратады: нарықтық тәуекел (оның ішінде валюталық тәуекел, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне әсер ету тәуекелі), кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі. Топ деңгейінде тәуекелдерді басқару бағдарламасы қаржы нарықтарының болжауға болмайтын жағдайларына шоғырланған және Топтың қаржы нәтижелеріне тигізетін теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған. Топ тәуекелдерге ұшырағыштығын хеджирлеу үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Тәуекелдерді басқаруды басшылық тәуекелдерді басқару қағидаттарын көздейтін және кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі және нарықтық тәуекел сияқты ерекше салаларды қамтитын Топтың бас компаниясы белгілеген саясатқа сәйкес жүргізеді (*1-ескертілген*).

Кредиттік тәуекел

Топ кредиттік тәуекелге ұшырағыш, әрі ол қаржы құралымен жасалған операцияның бір жағы шарт бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарынан басқа тараптың қаржы залалдарын көтеруінің себебіне айналуы мүмкін екендігінің тәуекелі болып табылады.

Кредиттік тәуекел Топтың контрагенттермен жасалған кредиттік және басқа да операцияларының нәтижесінде туындайды, әрі солардың салдарынан қаржы активтері туындайды.

Топтың кредиттік тәуекелінің ең жоғары деңгейі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі.

Кредиттік тәуекелді басқару

Кредиттік тәуекел Топтың бизнесі үшін жалғыз барынша маңызды тәуекел болып табылады. Сондықтан, басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше назар аударады.

Тәуекелдерді басқару мақсатында кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процесс болып табылады және модельдерді қолдануды талап етеді, өйткені тәуекел нарықтық жағдайларға, күтілетін ақша ағындарына және уақыт өте келе өзгереді. Кредиттік тәуекелді активтер портфелі бойынша бағалау дефолт ықтималдығына, тиісті шығындылық коэффициенттеріне және контрагенттер арасындағы дефолт корреляциясына қатысты қосымша бағалауды қажет етеді.

Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі

Кредиттік тәуекелді бағалау және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржы құралдарын жіктеу мақсатында Топ екі тәсілді қолданады: тәуекелдер негізіндегі ішкі рейтингтер жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтинг агенттіктері (Standard & Poor's [S&P], Fitch, Moody's) бағалайтын тәуекел деңгейлерін бағалау. Ішкі және сыртқы кредиттік рейтингтер дефолт ықтималдығының белгілі бір диапазонымен бірыңғай ішкі шәкіл бойынша салыстырылады. Тәуекелдер негізіндегі ішкі рейтингтер жүйесі ішкі әзірлеу болып табылады және рейтингтерді басшылық бағалайды. Топ активтер класына қарай кредиттік тәуекелді бағалаудың әртүрлі әдістерін қолданады.

Топ ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелді бағалау үшін тәуекелдер негізіндегі ішкі рейтингтер жүйелерін қолданады.

Сыртқы рейтингтерді контрагенттерге S&P, Moody 's және Fitch сияқты тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер тағайындайды. Бұл рейтингтер жалпыға қол жетімді. Мұндай рейтингтер мен дефолт ықтималдығының тиісті диапазондары сауда дебиторлық берешек пен ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, барлық қаржы активтері үшін қолданылады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау

Күтілетін кредиттік зияндар - бұл ықтималдықты ескере отырып өлшенген болашақ алынбай қалған ақша қаражатының келтірілген құнын бағалау (яғни, белгілі бір уақыт кезеңінде дефолттың пайда болу тәуекелдерін таразы ретінде қолдана отырып, кредиттік зияндардың орташа өлшенген мөлшері). Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау объективті болып табылады және мүмкін болатын нәтижелер диапазонын есептеу арқылы анықталады. Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау Топ пайдаланатын төрт компонент негізінде орындалады: дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшыраған кредиттік талап мөлшері, дефолт кезіндегі шығын және дисконттау мөлшерлемесі. Дефолт кезіндегі берешек - есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасындағы күтілетін өзгерістерді, соның ішінде борыш пен пайыздардың негізгі сомасын өтеуді және кредиттік міндеттемелер бойынша қаражатты күтілетін пайдалануды ескере отырып, дефолттың болашақ күніне тәуекелді бағалау. Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша дефолт кезіндегі берешек кредиттік конверсия коэффициентінің (CCF) көмегімен бағаланады. Кредиттік конверсия коэффициенті - бұл белгілі бір уақыт кезеңінде шарт бойынша міндеттеме сомаларын баланстық міндеттемеге айналдыру ықтималдығын көрсететін коэффициент. *Дефолт ықтималдығы (PD)* - белгілі бір уақыт кезеңінде дефолт ықтималдығын бағалау. *Дефолт кезіндегі шығын (LGD)* – дефолт кезінде пайда болатын шығынды бағалау. Ол шартта көзделген төленуге жататын ақша ағындары мен кредитор алуды күтіп отырған, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде күтіп отырған ағындардың арасындағы айырмаға негізделеді. Әдетте бұл көрсеткіш дефолт кезіндегі берешектің пайызымен (EAD) көрсетіледі. Күтілетін зияндар есепті кезең соңындағы келтірілген құнға дейін дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржы құралы бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме (ТІМ) немесе оның шамамен көлемін білдіреді.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын кредит сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Күтілетін кредиттік зияндар құралдың бүкіл қызмет ету мерзімінде модельденеді. Құралдың бүкіл қолданылу мерзімі, егер ол орын алған болса, күтпеген мерзімінен бұрын өтеуді ескере отырып, борыштық құралдарды өту мерзіміне дейін шарттың қалған қолданылу мерзіміне тең болады.

«Бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік зияндар» басқару моделінде қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде барлық ықтимал дефолт оқиғаларының орын алуы нәтижесінде туындайтын зияндар бағаланады. *«12 айлық күтілетін кредиттік зияндар»* моделі есепті кезеңнің соңынан бастап 12 ай ішінде немесе егер ол бір жылдан аз болса, қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде ықтимал болатын қаржы құралы бойынша дефолт оқиғаларының басталуынан туындайтын, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндардың бір бөлігін білдіреді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылықтың күтілетін кредиттік зияндарды бағалауы, әдетте, реттеу мақсатында пайдаланылатын бүкіл цикл бойынша бағалауларға емес, белгілі бір уақыт кезеңіндегі бағалауларға негізделген. Бағалауда *болжамды ақпарат* қолданылады. Осылайша, ККЗ кредиттік тәуекелге әсер ететін ықтималдықты ескере отырып өлшенген негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруін көрсетеді.

Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған қаржы активтері (РОСІ) үшін ККЗ-ны модельдеу дәл осылай жүзеге асырылады, тек (а) жалпы баланстық құн және дисконттау мөлшерлемесі шартта көзделген ақша ағындары негізінде емес, актив бастапқы танылған кезде алынуы мүмкін ақша ағындары негізінде анықталады және (б) ККЗ әрқашан бүкіл мерзімде ККЗ-ға тең болғанда. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер - бұл бастапқы тану сәтіне құнсызданған қаржы активтері, мысалы, бұрын бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған құнсызданған қарыздар.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау (жалғасы)

Дефолт ықтималдығын бағалау үшін Топ дефолтты тәуекелге ұшырау төмендегі критерийлердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін жағдай ретінде анықтайды:

- Қарыз алушының шартта көзделген төлемдерді кешіктіруі 90 күннен асқанда;
- Халықаралық рейтинг агенттіктері қарыз алушыны дефолт рейтингтері класына қосқанда;
- Қарыз алушы төменде көрсетілген ықтимал төлем қабілетсіздігі критерийлеріне сәйкес келгенде:
 - Пайыздарды есептеуді токтата тұру / қаржы активі бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету;
 - Негізгі борышты есептен шығару;
 - Қаржы активін номиналды құнына айтарлықтай дисконтпен сату;
 - Қарыз құнын төмендетуге/есептен шығаруға/берешекті кешіруге әкелетін қайта құрылымдау;
 - Қаржы активінің өтеу мерзімін ұлғайту;
 - Негізгі борыш бойынша/ пайыздық төлем бойынша төлем мерзімін кейінге кезеңге ұзарту;
- Контрагенттің банкроттығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тану туралы талап қою;
- Банкроттық туралы арыз бойынша контрагент берген талап;
- Кепілдік шартымен немесе кепілдік шарты бойынша төлеммен жабылатын міндеттемелер бойынша мерзімі 90 күннен асады.

Ақпаратты ашу үшін Топ дефолттың анықтамасын құнсызданған активтердің анықтамасына сәйкес келтірді. Жоғарыда көрсетілген дефолт анықтамасы Топтың қаржы активтерінің барлық түрлеріне қолданылады.

Егер құрал үш ай қатарынан дефолт критерийлерінің ешқайсысын қанағаттандырмаса, құрал бұдан былай дефолтты болып саналмайды (яғни төлемдердің кешіктірілуі жойылады). Бұл кезең төлемді кешіктіруді жоюдың әртүрлі ықтимал анықтамаларын қолдана отырып, төлемді кешіктіргеннен кейін дефолт мәртебесін қаржы құралына қайтару ықтималдығын ескеретін талдау негізінде анықталды.

Кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап оның айтарлықтай өсуінің болуын немесе болмауын бағалау (SICR) жеке, сол сияқты және портфельдік негізде жүзеге асырылады. Топтың тәуекелдерді басқару бөлімі кредиттік тәуекелді олардың тиісті сипаты тұрғысынан айтарлықтай ұлғайту фактісін анықтау үшін пайдаланылатын критерийлерге мерзімді мониторинг пен тексеруді жүзеге асырады.

Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін Топ кредиттік тәуекел компоненттерін бағалаудың келесі модельдерін қолданады:

- Дефолт ықтималдығын бағалау модельдері (PD TTC және PD PiT);
- Дефолт кезінде шығындар деңгейін бағалау модельдері (LGD);
- Дефолт кезіндегі талаптар сомасын бағалау модельдері (EAD).

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау (жалғасы)

Кредиттік тәуекел компоненттерін бағалау модельдері болашақ экономикалық жағдайлар туралы болжамды деректерді пайдалануды ескере отырып жасалады. Бұл деректер инфляция деңгейі, ЖІӨ динамикасы, жұмыссыздық деңгейі және экономикалық белсенділікке әсер ететін басқа да негізгі көрсеткіштер сияқты әртүрлі макроэкономикалық көрсеткіштерді қамтиды. Макроэкономикалық факторлардың тізімі:

- Жұмыссыздық деңгейі;
- Ұлттық валютаның (KZT) АҚШ долларына (USD) айырбастау бағамы;
- Алдыңғы тоқсанға қатысты тұтыну бағалары индексінің (Consumer Price Index, CPI) пайыздық өзгерісі;
- Өткен жылдың ұқсас тоқсанымен салыстырғанда тұтыну бағалары индексінің (Consumer Price Index, CPI) пайыздық өзгерісі;
- Белгілі бір кезеңдегі елдегі экономикалық белсенділіктің нақты өсуін немесе төмендеуін көрсететін өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) нақты көлемінің индексі.

Елдегі белгілі бір кезеңдегі экономикалық белсенділіктің нақты өсуін немесе төмендеуін көрсететін түпкілікті пайдалану әдісімен есептелген жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) нақты көлемінің индексі.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылатын күтілетін кредиттік кредиттердің деңгейі бастапқы танылған сәттен бастап қарыз алушының кредиттік тәуекелінің елеулі ұлғаюының болуына байланысты болады. Бұл тәсіл күтілетін кредиттік зияндарды бағалаудың үш сатылы моделіне негізделген. 1 кезең - бастапқы тану кезінде құнсызданбаған және осы сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болмаған қаржы құралы үшін кредиттік зияндардың бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік зияндар негізінде құрылады.

2-Кезең - егер бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір өсуі анықталса, қаржы құралы 2-кезеңге ауыстырылады, алайда ол әлі құнсызданған болып саналмайды, бірақ кредиттік зияндар бойынша бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндар негізінде құрылады. 3-кезең - егер қаржы құралы құнсызданған болса, ол 3-кезеңге ауыстырылады және зияндар үшін бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндар негізінде құрылады. Активтің 3-кезеңге ауысуы нәтижесінде ұйым жалпы баланстық құн негізінде пайыздық кірісті тануды тоқтатады және пайыздық кірісті есептеу кезінде баланстық құнға күтілетін кредиттік зияндарды шегергендегі активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданады.

Кредиттік тәуекелді едәуір арттыру критерийлері бұдан былай орындалмайтындығы туралы дәлелдер болған жағдайда, құрал қайтадан 1-кезеңге ауыстырылады. Егер тәуекел сапалық белгі негізінде 2-кезеңге ауыстырылса, Топ оның сақталуына немесе өзгеруіне көз жеткізу үшін осы белгінің мониторингін жүзеге асырады.

Сатып алынған немесе жасалған құнсызданған қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар әрқашан бүкіл мерзім ішінде бағаланады. Осылайша, Топ бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндардағы кумулятивтік өзгерістерді ғана мойындайды.

Сауда дебиторлық берешектен басқа, қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін Топ үш тәсілді қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельдік негізде бағалау: ішкі рейтингтер жеке негізде бағаланады, алайда кредиттік тәуекелдің бірдей рейтингтері мен кредиттік портфельдің біртекті сегменттері үшін күтілетін кредиттік зияндарды есептеу процесінде кредиттік тәуекелдің бірдей параметрлері қолданылады (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолт болған жағдайда залал); (iii) сыртқы рейтингтерге негізделген бағалау.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау (жалғасы)

Жалпы алғанда, күтілетін кредиттік зияндар кредиттік тәуекелдің келесі параметрлерінің көбейтіндісіне тен: дефолт кезіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және жоғарыда анықталған дефолт кезіндегі шығындар құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолдана отырып, келтірілген құнға дейін дисконтталған. Күтілетін кредиттік зияндар әрбір жеке қаржы активінің немесе жиынтық сегменттің әрекет ету мерзімі ішінде әрбір болашақ ай үшін кредиттік тәуекел параметрлерін (дефолт кезіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт болған жағдайда залал) болжау жолымен айқындалады. Бұл үш компонент «өмір сүру» ықтималдығын ескере отырып көбейтіледі және түзетіледі (яғни, қаржы активі алдыңғы айда өтелген бе, әлде дефолт болған ба). Бұл іс жүзінде әрбір болашақ кезең үшін күтілетін кредиттік зияндардарды есептеуді қамтамасыз етеді, содан кейін олар есепті күнге дейін дисконтталады және жинақталады. Күтілетін кредиттік зияндардарды есептеу үшін пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның болжамды мәнін білдіреді. Төмендегі кестеде тиісті есепті кезеңнің соңындағы сыртқы (бар болса) және ішкі кредиттік рейтингтер көрсетілген. Бұл ақпарат қамтамасыз ету ретінде берілген бағалы қағаздардың рейтингісіне негізделген кері РЕПО операцияларын қоспағанда, контрагенттің рейтингіне негізделген:

	Ақша	Пайдалануд а шектелген ақша	Мерзімді	Облигациял
Мың қазақстандық теңгемен	қаражаты	қаражаты	депозиттер	ар мен қарыздар
2025 жылғы 31 желтоқсан:				
BBB+ (S&P)	1.602.860	—	—	—
BBB (тұрақты) (S&P)	218	—	—	—
BBB- (тұрақты) (S&P)	79.642.446	204	—	42.749.241
BB+ (тұрақты) (S&P)	750.025	310.849	—	—
BB (тұрақты) (S&P)	5.147.456	—	—	565.989
BB- (тұрақты) (S&P)	—	—	—	—
B+ (тұрақты) (S&P)	1.402.894	100	5.948	—
Жоқ(S&P)	47.155	304.701	—	—
Қаржы активтерінің жиыны	88.593.054	615.854	5.948	43.315.230

	Ақша	Пайдалануд а шектелген ақша	Мерзімді	Облигациял
Мың қазақстандық теңгемен	қаражаты	қаражаты	депозиттер	ар мен қарыздар
2024 жылғы 31 желтоқсан:				
BBB+ (S&P)	173	—	—	—
BBB (тұрақты) (S&P)	39.864	—	—	—
BBB- (тұрақты) (S&P)	89.812.776	204	—	18.063.596
BB+ (тұрақты) (S&P)	2.827.848	270.955	3.270	—
BB (тұрақты) (S&P)	328.864	—	—	476.620
BB- (тұрақты) (S&P)	—	—	—	—
B+ (тұрақты) (S&P)	1.918.284	100	—	—
Жоқ(S&P)	24.486	304.701	—	28.969
Қаржы активтерінің жиыны	94.952.295	575.960	3.270	18.569.185

Топ дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік зияндарды есептеу үшін резервтеу матрицасын қолданады. Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін сауда дебиторлық берешек кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамалары мен мерзімі өткен күндер санына сүйене отырып жіктелген.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау (жалғасы)

Төменде кестеде дефолт деңгейлері және тиісті есепті кезең соңындағы залалдар үшін резервтің есебі келтірілген:

	Үшінші тұлғалардың сауда дебиторлық берешегі					
Мың қазақстандық теңгемен	Жиыны	Ағымдағы	1-30 күн	31 -60 күн	61 -90 күн	>90 күн
2025 жылғы 31 желтоқсанға дебиторлық берешек (13-ескертпе)	110.422.103	85.818.641	10.231.332	6.082.328	2.696.980	5.592.822
Дефолт деңгейі		0,46%	2,30%	5,10%	23,54%	78,94%
Күтілетін кредиттік зияндар (13-ескертпе)	(5.993.309)	(397.571)	(235.741)	(310.405)	(634.802)	(4.414.790)
Жиыны	104.428.794	85.421.070	9.995.591	5.771.923	2.062.178	1.178.032

	Үшінші тұлғалардың сауда дебиторлық берешегі					
Мың қазақстандық теңгемен	Жиыны	Ағымдағы	1-30 күн	31 -60 күн	61 -90 күн	>90 күн
2024 жылғы 31 желтоқсанға дебиторлық берешек (13-ескертпе)	66.636.774	53.355.368	6.548.427	3.132.125	627.321	2.973.533
Дефолт деңгейі		0,26%	1,16%	1,41%	13,83%	79,68%
Күтілетін кредиттік зияндар (13-ескертпе)	(2.715.095)	(138.888)	(76.210)	(44.014)	(86.788)	(2.369.195)
Жиыны	63.921.679	53.216.480	6.472.217	3.088.111	540.533	604.338

	Сауда дебиторлық берешек - жеке тұлғалар					
Мың қазақстандық теңгемен	Жиыны	Ағымдағы	1-30 күн	31 -60 күн	61 -90 күн	>90 күн
2025 жылғы 31 желтоқсанға дебиторлық берешек	12.549.423	12.114.003	293.744	40.480	16.145	85.052
Дефолт деңгейі		0,07%	1,27%	6,72%	25,44%	88,28%
Күтілетін кредиттік зияндар	(93.786)	(8.148)	(3.724)	(2.721)	(4.107)	(75.085)
Жиыны	12.455.637	12.105.855	290.020	37.759	12.038	9.967

	Сауда дебиторлық берешек - жеке тұлғалар					
Мың қазақстандық теңгемен	Жиыны	Ағымдағы	1-30 күн	31 -60 күн	61 -90 күн	>90 күн
2024 жылғы 31 желтоқсанға дебиторлық берешек	10.860.262	10.516.288	204.342	46.172	7.880	85.580
Дефолт деңгейі		0,10%	6,97%	25,91%	43,88%	94,76%
Күтілетін кредиттік зияндар	(121.500)	(10.741)	(14.242)	(11.961)	(3.458)	(81.098)
Жиыны	10.738.762	10.505.547	190.100	34.211	4.422	4.482

Күтілетін кредиттік зияндар моделіне енгізілген болжамды ақпарат

Кредиттік тәуекелдің едәуір өсуін бағалау және күтілетін кредиттік зияндарды есептеу расталған болжамды ақпаратты қосуды болжайды. Топ кредиттік тәуекелдің өзгеруімен және күтілетін кредиттік зияндармен байланысты келесі экономикалық айнымалыларды анықтады: жалпы ішкі өнім, инфляция, айырбас бағамы, мұнай бағасы және негізгі секторлардың өнімділігінің өзгеруіне негізделген экономикалық даму тенденциясын сипаттау үшін қолданылатын қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш.

Бұл экономикалық айнымалылардың дефолт ықтималдығына, дефолт кезіндегі қарызға және дефолт кезіндегі шығынға әсері бұл айнымалылардың өткен кезеңдердегі дефолт деңгейіне және дефолт кезіндегі дефолт пен қарыз болған жағдайда шығын компоненттеріне әсерін түсіну үшін статистикалық регрессиялық талдау арқылы анықталады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл ұйымның қаржылық міндеттемелерді орындау кезінде қиындықтарға тап болу тәуекелі. Топтың Даму жоспарларын қалыптастыру мен мониторингтеудің қолданыстағы ережелеріне сәйкес ақша ағындарының қозғалысын жоспарлау және мониторингілеу қысқа мерзімді ай сайынғы негізде де, 5 жылға арналған қызметті орта мерзімді жоспарлауды қалыптастыру шеңберінде де жүргізіледі. Сонымен қатар, Топта оның 10 жылдық Даму стратегиясы әзірленіп, бекітіледі. Ақша ағындарын жоспарлау кезінде депозиттерге уақытша бос ақшаны орналастырудан түсетін кірістер де ескеріледі.

Төменде кестеде есепті кезеңнің соңында шарттардың талаптарында көзделген өтеу мерзімдерінің соңына дейін қалған мерзімдерді көрсете отырып, өтеу мерзімдері бойынша бөліністе Топтың қаржылық міндеттемелеріне талдау келтірілген. Өтеу мерзімі бойынша талдау болашақта пайыздарды және негізгі борыш сомасын өтеуді қоса алғанда, дисконтталмаған сомаларға негізделген.

	Талап өткенге дейін және 1 айдан кем мерзімде	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
Мың қазақстандық теңгемен						
2025 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	21.302.475	20.556.259	103.285.207	530.141.953	343.350.222	1.018.636.116
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек	130.805.899	4.286.230	1.430.439	1.478.699	46.762	138.048.029
Қаржылық жалдау	46.685	118.285	514.973	2.746.813	312.202	3.738.958
Негізгі төлемдер мен пайыздарды келешекте төлеуді қоса алғанда, болашақ төлемдер жиыны	152.155.059	24.960.774	105.230.619	534.367.465	343.709.186	1.160.423.103
2024 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	8.658.762	13.043.373	96.994.043	342.837.448	71.897.736	533.431.362
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек	113.933.497	2.713.879	1.563.419	3.156.631	1.957.386	123.324.812
Қаржылық жалдау	40.370	170.707	654.762	2.667.067	341.291	3.874.197
Негізгі төлемдер мен пайыздарды келешекте төлеуді қоса алғанда, болашақ төлемдер жиыны	122.632.629	15.927.959	99.212.224	348.661.146	74.196.413	660.630.371

Нарықтық тәуекел

Топ нарықтағы ортақ және айрықша өзгерістер тәуекеліне ұшырайтын (а) валюталық, (б) пайыздық құралдар бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырағыш келеді.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау (жалғасы)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Валюталық тәуекел

Топтың кейбір қарыздары (18-ескертпе) және негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек (19-ескертпе) шетел валютасымен (АҚШ долларымен және еуромен) көрсетіледі, сондықтан Топ валюталық тәуекелге ұшырайды. Қазақстандық нарықта туынды қаржы құралдарын шектеулі таңдау себебінен және мұндай құралдардың қымбат екенін ескере отырып, басшылық Топтың валюталық тәуекелін хеджирлемеге туралы шешім қабылдады, өйткені мұндай құралдардың пайдасы тиісті шығыстарды өтпейді. Осыған қарамастан, Топ болашақта немесе қажет болған жағдайда хеджирлеу құрылымын енгізу үшін қаржылық туынды құралдар нарығындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыруда.

Төменде кестеде валюталық тәуекелге ұшырауды тудыратын шетел валютасында көрсетілген міндеттемелердің жалпы сомалары көрсетілген:

	АҚШ Доллары	Еуро	Юань	Рубль	Жиыны
Мың қазақстандық теңгемен					
2025 жылғы 31 желтоқсанға					
Активтер	3.301	41	23.614	480	38.977.512
Міндеттемелер	–	(11.206.257)	(9.375.469)	(526)	(20.581.726)
Таза позиция	3.301	(11.206.216)	(9.351.855)	(46)	18.395.786

2024 жылғы 31 желтоқсанға					
Активтер	512	590	–	–	1.102
Міндеттемелер	–	(32.913.441)	(998.591)	(409)	(31.676.467)
Таза позиция	512	(32.914.031)	(998.591)	(409)	(31.675.365)

Төменде кестеде Топ ұйымдарының функционалдық валютасы үшін есепті кезеңнің соңында пайдаланылатын айырбас бағамдарының мүмкін болатын өзгерістері нәтижесінде қаржылық нәтиже мен меншікті капиталдың өзгеруі келтірілген, бұл ретте барлық басқа айнымалылар өзгеріссіз қалады.

	Пайдаға немесе зиянға әсері	
	2025 жылғы	2024 жылғы
Мың қазақстандық теңгемен	31 желтоқсанға	31 желтоқсанға
АҚШ долларын 16%-ға нығайту (2024 ж.: 9%-ға нығайту)	524	47
АҚШ долларын 7%-ға әлсірету (2024 ж.: 7%-ға әлсірету)	(221)	(38)
Еуроны 22%-ға нығайту (2024 ж.: 9%-ға нығайту)	(2.497.747)	(2.961.925)
Еуроны 4%-ға әлсірету (2024 ж.: 6%-ға әлсірету)	476.847	1.958.304
Юаньды 16%-ға нығайту (2024 ж.: 9%-ға нығайту)	(1.484.776)	(85.356)
Юаньды 13%-ға әлсірету (2024 ж.: 7%-ға әлсірету)	1.171.708	132.141

Топтың валюталық тәуекелі бар және теңге бағамының құбылмалылығының теріс өзгерістеріне ұшырайды, өйткені шетел валютасындағы қаржылық міндеттемелер барлық міндеттемелердің шамамен 2%-ын құрайды, сондай-ақ шетел валютасындағы қаржы активтері 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық активтердің шамамен 2%-ын. құрайды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау (жалғасы)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Пайыздық тәуекел

Топ нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларының оның қаржылық жағдайына және ақша ағындарына әсеріне байланысты тәуекелді қабылдайды. Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі Азия Даму Банкі (Самұрық-Энерго, АлЭС), Еуропалық Қайта Құру Банкі (АлЭС) және Самұрық-Қазына қарыздары бойынша туындайды және олардың пайыздық мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы инфляциясының нақты көрсеткіштерінің өсуіне байланысты (*16-ескертпе*). Топ айнымалы мөлшерлемелердің өзгеруіне мұқият мониторинг жүргізеді. Топтың пайыздық мөлшерлемелерді өзгертумен байланысты тәуекелдерді азайту және жұмсарту жөнінде ресми келісімдері жоқ.

Егер 2025 жылғы 31 желтоқсанда пайыздық мөлшерлемелер 100 базистік тармаққа жоғары/төмен болса, барлық басқа айнымалы сипаттамалар өзгеріссіз қалса, бір жылғы пайда 997.486 мың теңгеге аз және 997.486 мың теңгеге көп болады, бұл өзгермелі пайыздық мөлшерлеменен міндеттемелер бойынша жоғары/төмен пайыздық шығыстардың нәтижесінде болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 338.469 мың теңгеге аз және 338.469 мың теңгеге артық).

Капиталды басқару

Топтың капиталды басқарудағы міндеттері Топтың өз қызметін акционерлер үшін пайданы және басқа да мүдделі тараптар үшін табысты қамтамасыз ету үшін қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету және капиталдың құнын азайту үшін капиталдың оңтайлы құрылымын қолдау болып табылады. Капитал құрылымын қолдау немесе түзету үшін Топ акционерлерге төленетін дивидендтердің сомасын түзете алады, акционерлерге капиталды қайтарады немесе қарыз қаражатын азайту үшін активтерді сата алады. Саланың басқа компаниялары сияқты, Топ меншікті капитал мен қарыз капиталының арақатынасы негізінде капитал мониторингін жүргізеді. Бұл қатынас капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза қарыз қаражаты ретінде анықталады. Таза қарыз қаражаты ақша қаражаты мен оның баламаларын шегергендегі қарыздардың (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген «қысқа мерзімді қарыздарды» және «ұзақ мерзімді қарыздарды» қоса алғанда) жалпы сомасы ретінде айқындалады. Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген «Жалпы капитал» және таза қарыз қаражаты ретінде анықталады. Басшылық Топтың тәуекел деңгейі үшін қолайлы қарыз бен меншікті капиталдың 30-40% қатынасын қарастырады. Топ 2025 және 2024 жылдары капиталға қойылатын барлық сыртқы талаптарды орындады.

Топта капиталды қолдау бойынша келесі сыртқы талаптар бар:

- Жарғылық капиталды 378.531.570 мың теңгеден төмен емес қолдау;
- Меншікті капиталды 170.000.000 мың теңгеден кем емес қолдау;
- Debt/Equity көрсеткішін 2.0-ден аспайтын деңгейде қолдау.

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Ескер.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздардың жиыны	18	584.319.991	373.098.400
Минусы:			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	15	(88.593.054)	(94.952.295)
Таза қарыз қаражаты		495.726.937	278.146.105
Меншікті капитал жиыны		938.760.858	772.802.580
Капитал жиыны		1.434.487.795	1.050.948.685
Қарыз және меншікті капиталдың арақатынасы		35%	26%

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Әділ құнды бағалау

Әділ құнды анықтауда қолданылатын деректердің дұрыстығы туралы түсінік беру үшін Топ өздерінің қаржы құралдарын КЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес белгіленген үш деңгейге жіктейді. Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша былайша бөлінеді: (i) 1-деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленетін бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалау, (ii) 2-деңгейге - пайдаланылған барлық маңызды бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама қадағаланатын болып табылатын бағалау әдістері арқылы алынған (яғни, мысалы, бағалар) және (iii) бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылатын 3-деңгей бағалары (яғни бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Қаржы құралдарын әділ құн иерархиясында қандай да бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауларды пайдаланады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді қажет ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Бағасы белгіленбейтін қаржы құралдарының болуына қарамастан, олар әділ құны бойынша емес, амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Осылайша, Топта 3-деңгейлі қаржы құралдары жоқ. Пайдаланылған деректердің маңыздылығы әділ құнды бағалаудың барлық жиынтығы үшін бағаланады. Төменде әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша әділ құнды талдау және әділ құн бойынша бағаланбаған активтер мен міндеттемелердің баланстық құны келтірілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан			Баланстық құн	2024 жылғы 31 желтоқсан			Баланстық құн
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей		1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	
Міндеттемелер								
Қарыздар (18-ескертпе)	–	566.725.656	–	584.319.991	–	355.707.072	–	373.098.400

Барлық қалған қаржы құралдары үшін (ақша қаражаты мен оның баламалары, дебиторлық және кредиторлық берешек, өзге де қаржы активтері мен міндеттемелері) әділ құн баланстық құнға сәйкес келеді.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының бағаланған әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар және өтеуге дейінгі мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, алуға күтілетін бағалау ақша ағындарының сомалары негізінде анықталады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің кредиттік тәуекеліне байланысты.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Нарықтық баға белгілеулері жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың бағалау әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған бағалау ақша ағындары негізінде анықталады.

34. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2026 жылғы 6 қаңтарда Топ 1.736.827 мың теңге сомасына негізгі борышты және «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 1962-И шартына сәйкес облигациялар бойынша 1.215.779 мың теңге сомасына купонды жоспарлы өтеуді жүзеге асырды.

2026 жылғы 15 қаңтарда және 2026 жылғы 29 қаңтарда Топ «Семей Энерго» ЖШС жарғылық капиталын тиісінше 50.000 мың теңге және 150.000 мың теңге сомасына толықтырды.

2026 жылғы 23 қаңтарда Топ «Самұрық-Энерго» АҚ мен Азия Даму Банкі арасындағы кредиттік келісім бойынша 15.234.400 мың теңге сомасындағы негізгі борыш бойынша берешекті және 573.978 мың теңге сомасындағы сыйақыны толық өтеді.

2026 жылғы қаңтарда Топ «Семей-Энерго» ЖШС жарғылық капиталына 200.000 мың теңге көлемінде үлес қосты.

34. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР (жалғасы)

2026 жылғы 29 қаңтарда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№01/26 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ 45.000.000 мың теңге жалпы сомаға басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру арқылы бір акция үшін 450.000 теңге бағамен 100.000 жай акцияны орналастыру мақұлданды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2026 жылғы қаңтар-ақпанда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жасалған 2014 жылғы 26 қарашадағы № KS 02-14-39 кредиттік желіні беру туралы келісім шеңберінде «Алматы электр станциялары» АҚ 3.865.391 мың теңге жалпы сомаға қарыздар алды. 2026 жылғы 13 ақпанда 1.750.589 мың теңге мөлшерінде негізгі борышты және 16.193 мың теңге мөлшерінде есептелген сыйақыны мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді.

2026 жылғы қаңтар-ақпанда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жасалған 2015 жылғы 8 сәуірдегі № KS 01-15-06 кредиттік желіні беру туралы келісім шеңберінде «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС айналым қаражатын толықтыру мақсатында сыйақы мөлшерлемесі 20% болатын 7.625.715 мың теңге жалпы сомаға транштар алды. 2026 жылғы 13 ақпанда 4.687.817 мың теңге мөлшерінде мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді.

2026 жылғы 3 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ арасында ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі +1% сыйақы мөлшерлемесімен, 20 жыл мерзімге 98.876.370 мың теңгеге дейінгі жалпы сомаға №С-5 қарыз беру туралы келісім жасалды. 2026 жылғы 9 және 19-20 ақпанда осы кредиттік келісім шеңберінде 24.133.499 мың теңге жалпы сомаға қарыздар берілді.

2026 жылғы 9 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ арасында «Екібастұз 2-МАЭС станциясының гидрокүлдікөтіру жүйесінің құбырын ауыстыру» жобасы бойынша іс-шараларды қаржыландыру мақсатында ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі +1% сыйақы мөлшерлемесімен, 1 жыл мерзімге 8.117.000 мың теңгеге дейінгі сомаға қарыз беру туралы келісім жасалды.

2026 жылғы 13 ақпанда «Ақтас Энерджи» ЖШС қауымдасқан кәсіпорны тіркелді. Qazaq Green Power PLC жария компаниясы жарғылық капиталға қатысу үлесінің 20%-ын сатып алу есебінен 956.849 мың теңге мөлшерінде жарна жасады. Қалған 80% меншік үлесі TOTALENERGIES RENEWABLES S.A.S (қатысу үлесі 60%) және «KMG Green Energy» ЖШС (қатысу үлесі 20%) тиесілі. 2026 жылғы 12 ақпанда Павлодар облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алкасы «Богатырь Көмір» ЖШС-нің «ҚР ҚМ МКК Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-не салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаны заңсыз деп тану және жою туралы талап-арызы бойынша әкімшілік істі қарады және Павлодар облысының МАӘС-тің 2025 жылғы 3 ақпандағы шешімін өзгеріссіз қалдыруға қаулы етті, хабарлама заңсыз деп танылып, күші жойылды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА ЖӘНЕ БІР АКЦИЯНЫҢ БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ

Акцияға шаққандағы пайда:

Мың қазақстандық теңгемен	2025 ж.	2024 ж.
Топ акционерлеріне тиесілі кезеңдегі пайда (қазақстандық мың теңгемен)	154.798.267	112.507.839
Айналыстағы жай акциялардың орташа алынған саны	7.066.816	6.735.443
Топ акционерлеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда (теңгеге дейін дөңгелектей отырып) базалық және бөлінген	21.905	16.704

Бір акцияның баланстық құны

Бір жай акцияның баланстық құны ҚЕХС-ке жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетіледі.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс. 2025 жылғы 31 желтоқсанға шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректері негізінде Топ басшылығымен есептелген бұл көрсеткіш 129.345 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 110.361 теңге). Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

Мың қазақстандық теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер жиыны	1.823.896.040	1.414.286.399
Минусы: материалдық емес активтер	(7.678.079)	(5.545.328)
Минусы: міндеттемелер жиыны	(885.135.182)	(641.483.819)
Жай акциялар үшін таза активтер	931.082.779	767.257.252
Есепті күнге жай акциялардың саны (16-ескертпе)	7.198.467	6.952.267
Бір акцияның баланстық құны, теңге	129.345	110.361



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

